



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

**Қаржылық есептеменің халықаралық стандарттарына сәйкес
қаржылық есеп және
Тәуелсіз аудитордың есебі**

2014 жылдың 31 желтоқсаны

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБИ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

Қаржы жағдайы туралы есеп.....	1
Кірістер мен шығыстар және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	3
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.....	4

Қаржылық есепке ескертпелер

1	Кіріспе.....	5
2	Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта	5
3	Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау	6
4	Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар және кәсіби пайымдаулар	17
5	Жаңа немесе қайта қарастырылған стандарттарға өту және түсіндіру.....	19
6	Жаңа есептік ережелер.....	20
7	Ақша қаражаттары және олардың баламалары	24
8	Кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	24
9	Қаржылық мекемелердегі қаражаттар	26
10	Клиенттерге несиелер мен аванстар.....	28
11	Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	32
12	Негізгі құралдар	Ошибка! Закладка не определена.
13	Басқа активтер.....	34
14	Қарыз қаражаттары.....	Ошибка! Закладка не определена.
15	Тәртіптелген борыш	35
16	Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер	35
17	Болашақ кезеңдер кірістері және несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв.....	36
18	Басқа міндеттемелер	37
19	Акционерлік капитал	37
20	Пайыздық кірістер және шығыстар	38
21	Комиссиялық кірістер	38
22	Қаржылық туында құралдармен операциялардан шығыстарды есептен шығара отырып, кірістер	38
23	Нарықтықтан төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығыс	39
24	Басқа операциялық кірістер.....	39
25	Жалпы және әкімшілік шығыстар	39
26	Табыс салығы	40
27	Қаржы тәуекелдерін басқару.....	42
28	Шартты және келісімдік міндеттемелер.....	53
29	Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу	55
30	Туынды қаржы құралдары	55
31	Әділ құны туралы ақпаратты ашу	56
32	Бағалау санаттары бойынша қаржылық құралдарды ұсыну	60
33	Байланысты тараптармен операциялар.....	62
34	Есеп беру кезеңі аяқталғаннан кейінгі оқиғалар	64



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБИ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Акционерлері мен Директорлар Кеңесіне

Біз «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») берілген қаржылық есептілігіне, оның ішінде 2014 жылғы 31 желтоқсанына аяқталған қаржылық жағдайы туралы есепке, және айтылған жылда аяқталған бір жылдық пайда мен зиян және басқа жиынтық табыс туралы есепке, капиталдағы өзгерістер туралы есепке және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттардың қысқаша түрінен құралған ескертулерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Басшылықтың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті құруға және Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына сәйкес шынайы беруге және қаржылық есептілікті құруға қажетті деп танылатын ішкі бақылауға, салғырт әрекеттер мен кателіктер салдарынан бой ұратын кемшіліктері жоқ қаржылық есептілікті беруге жауапты.

Аудитор жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз бізбен жүргізілген аудит негізінде осы қаржылық есептілік туралы пікір білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сай жүргіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды сақтауды, сондай-ақ аудитті жоспарлау мен жүргізуді қаржылық есептілік небір жалғандықтың болмауына оңтайлы көз жеткізу жолымен жасалуды талап етеді.

Аудит қаржылық есептіліктегі сандық көрсеткіштер және ондағы ескертпелердегі ақпаратты дәлелдейтін аудиторлық дәйектерді алуға бағытталған әдістерден тұрады. Әдістерді таңдау аудитордың біліктілік пайымына байланысты, қаржылық есептілікте салғырт әрекеттер немесе кателіктер салдарынан бой ұратын небір жалғандықтың болу тәуекелін бағалау кіреді. Осы тәуекелдерді бағалау барысында аудитор қолданыстағы жағдайларға байланысты аудиторлық әдістерді құру үшін қаржылық есептілік жасау және шынайы берудегі ішкі бақылау жүйесін қарайды, бірақ ұйымның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында қарастырылмайды. Сонымен қатар, аудит өзіне қолданылған есеп саясатының тиісті сипаттағы сәйкестілігін және басшылықпен жасалған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін, сондай-ақ жалпы қаржылық есептілік беруге бағалау жасайды.

Бізбен алынған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге жеткілікті және лайықты деп есептейміз.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (жалғасы)

2 бет

Шікір

Біздің пікірімізше, берілген қаржылық есептілік Қордың 2014 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, барлық елеулі қатынастарында, сондай-ақ көрсетілген күнде аяқталған жыл ішіндегі қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына сәйкес шынайы көрсетеді.

Priswot & Partners LLP

2015 жылғы 2 наурыз
Алматы, Қазақстан

Бекітілді және қол қойылды:



Дана Тисарбекова
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖПС
(Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің бас
Мемлекеттік лицензиясы,
1999 жылғы 21 қазан №0000005)

Қол қойылды:

Derk Clark

Дерек Кларк
Аудит бойынша әріптес
(Австралияның мамандандырылған
Бухгалтерлер институтының
Аудитордың № 26312 біліктілік куәлігі;
2011 жылғы 6 қазан № 38-11
Арнайы сенімхат)

Қол қойылды:



Айгүл Ахметова
Орындаушы – аудитор
(2012 жылғы 27 тамыздағы
№ 00000083 біліктілік куәлігі)

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржы уралы эп

(Қазақстандық мың теңгемен)	Еск.	2014 жылдың 31 желтоқсаны	2013 жылдың 31 желтоқсаны
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	7	20,831,371	12,568,964
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	8	9,605,641	9,558,315
Басқа қаржы мекемелеріндегі қаражаттар	9	177,779,614	135,156,724
Қаржыландыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		38,552	433,579
Клиенттерге несиелер және аванстар	10	104,792	199,783
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	11	2,538,843	2,655,637
Негізгі құралдар	12	2,657,308	2,233,205
Материалдық емес активтер		203,724	117,419
Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер		5,271,880	4,832,780
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер	26	440,574	676,981
Басқа активтер	13	3,581,645	895,815
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		223,053,944	169,329,202
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Қарыз қаражаттары	14	124,495,453	75,810,555
Тәртіптелген борыш	15	-	4,022,973
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер	16	6,047,164	8,020,601
Болашақ кезеңдердің кірістері мен несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв	17	8,927,402	1,019,333
Басқа міндеттемелер	18	441,184	385,820
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		139,911,203	89,259,282
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	19	72,920,273	72,920,273
Қосымша төленген капитал		834,527	834,527
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры		5,447	27,460
Басқа резервтер		316,430	316,430
Бөлінбеген пайда		9,066,064	5,971,230
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		83,142,741	80,069,920
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		223,053,944	169,329,202

Шығару үшін бекітілді және Басқарма атынан 2015 жылдың 2 наурызында қол қойылды

Ляззат Ибрагимова ханым
Басқарма Төрағасы



Айгүл Құсайынова ханым
Бас бухгалтер

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Кірістер мен шығыстар және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Еск.	2014	2013
Пайыздық кірістер	20	12,550,795	11,156,954
Пайыздық шығыстар	20	(5,062,080)	(4,829,544)
Таза пайыздық кірістер		7,488,715	6,327,410
Клиенттерге несиелер мен қаржылық мекемелердегі қаражаттың құнсыздану резервін қалпына келтіру	9,10	612,366	307,685
Несие қоржынын құнсыздандырумен резервті қалпына келтіруден кейінгі таза пайыздық кірістер		8,101,081	6,635,095
Комиссиялық кірістер	21	2,529,635	1,858,588
Қаржылық туынды құралдармен операциялардан шығыстарды есептен шығарумен кірістер	22	1,461,340	-
Кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалаудан шығыстарды шегергендегі кірістер		129,340	(26,188)
Нарықтықтан төмен ставкалар бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын	23	(1,462,112)	-
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан шығыстарды есептен шығарумен кірістер		(56,643)	(4,025)
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша басқа активтер мен сақтық қорларының құнсыздануымен резерв		(116,458)	(26,037)
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қалпына келтіру/(Құнсыздануы)		2,147	19,861
Басқа операциялық кірістер мен шығыстар	24	102,153	80,864
Жалпы және әкімшілік шығындар	25	(5,141,595)	(3,920,936)
Салық салғанға дейінгі кіріс		5,548,888	4,617,222
Табыс салығы бойынша шығындар	26	(1,407,468)	(1,129,214)
БІР ЖЫЛДАҒЫ КІРІС		4,141,420	3,488,008
Басқа жиынтық кіріс			
<i>Кейіннен табыстар немесе шығыстар құрамына қайта жіктелулері мүмкін баптар:</i>			
Сатуға арналған қолда бар инвестициялар:			
- Бір жылдағы шығындарды шегергендегі табыстар		(19,866)	192,527
- Істен шығу немесе құнсыздану нәтижесінде табысқа немесе шығысқа ауыстырылған шығындарды шегергендегі кірістер		(2,147)	(19,861)
Бір жылдағы басқа жиынтық кіріс		(22,013)	172,666
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		4,119,407	3,660,674

Екі кезең ішіндегі пайда және жиынтық кірістің жалпы сомасы толық көлемімен Қор иелеріне тиесілі болады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	Басқа резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны
<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>						
2013 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	72,920,273	250,240	(145,206)	316,430	3,520,082	76,861,819
Бір жылғы пайда	-	-	-	-	3,488,008	3,488,008
Басқа жиынтық кіріс	-	-	172,666	-	-	172,666
Бір жылдағы жиынтық кірісінің жиыны	-	-	172,666	-	3,488,008	3,660,674
Акциялар шығарылымы	-	-	-	-	-	-
Қосымша төленген капитал	-	584,287	-	-	-	584,287
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(1,036,860)	(1,036,860)
2013 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	72,920,273	834,527	27,460	316,430	5,971,230	80,069,920
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	4,141,420	4,141,420
Басқа жиынтық кіріс	-	-	(22,013)	-	-	(22,013)
Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны	-	-	(22,013)	-	4,141,420	4,119,407
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(1,046,586)	(1,046,586)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	72,920,273	834,527	5,447	316,430	9,066,064	83,142,741

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014	2013
Операциялық қызметтер ақша қаражаттарының қозғалысы:		
Алынған пайыздар	9,797,407	10,423,888
Төленген пайыздар	(3,394,628)	(4,250,026)
Алынған комиссиялар	1,570,206	1,565,387
Басқа операциялық қызметтен түсімдер	98,194	123,591
Клиенттерге бұрын есептен шығарылған несиелерді өтеу	358,271	73,385
Еңбек ақы төлеу бойынша шығындар, төленген	(1,770,930)	(1,968,708)
Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген	(1,472,800)	(2,130,966)
Төленген пайда салығы	-	(553,453)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгертулерге дейінгі операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары	5,185,720	3,283,098
<i>Таза (өсім) /төмендеу:</i>		
- пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша	197,170	1,189,678
- қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша	(141,509,617)	1,673,645
- клиенттерге несиелер және аванстар бойынша	274,413	293,781
- басқа активтер бойынша	(1,625,497)	(555,885)
<i>Таза өсім /(төмендеу):</i>		
- басқа қаржылық міндеттемелер бойынша	(1,783,835)	5,719,640
- басқа міндеттемелер бойынша	466,844	(652,970)
Операциялық қызметтен (пайдаланылған)/ алынған таза ақша қаражаттары	(138,794,802)	10,950,987
Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттары		
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды іске асырудан және өтеуден түсімдер	81,969	2,866,233
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардан және іске асырудан түсімдер	1,700	-
Негізгі құралдарды сатып алу	(669,522)	(1,817,913)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(133,990)	(84,268)
Инвестициялық қызметтен (пайдаланылған)/ алынған таза ақша қаражаттары	(719,843)	964,052
Қаржылық қызметтен ақша қаражаттары:		
Қарыз қаражаттарын алу	172,646,140	4,000,000
Қарыз қаражаттарын өтеу	(19,960,506)	(19,877,897)
Тәртіптелген қарызды өтеу	(3,953,782)	(1,373,109)
Төленген дивидендтер	(1,046,586)	(1,036,860)
Қаржылық қызметтен (пайдаланылған)/ алынған таза ақша қаражаттары	147,685,266	(18,287,866)
Ақша қаражаттарына және оның баламаларына айырбастау бағамының өзгерістерінің әсері	91,786	-
Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының таза өсімі/(төмендеуі)	8,262,407	(6,372,827)
Кезең басына ақша қаражаттары және олардың баламалары	12,568,964	18,941,791
Кезең соңына ақша қаражаттары және олардың баламалары	20,831,371	12,568,964

1 Кіріспе

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (ары қарай «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 Жарлығына сәйкес құрылған. Қор тіркелген және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында қаржы қызметін көрсететін акционерлік компания ретінде, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету бойынша дамыту институты ретінде жүзеге асырады.

2013 жылдың мамыр айына дейін Қордың жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры болып табылған. ҚР Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Жарғысына және ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы №516 «ҚР Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы бұйрығын іске асыру бойынша шаралар туралы» Жарлығына сәйкес «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Қорды «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ иеленуге тапсырды. 2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады. Қордың соңғы акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат 33 ескертпеде ашылған.

Негізгі қызметі. Қордың негізгі қызметі коммерциялық банктер арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын және шағын қаржы ұйымдарын несиелендіру болып табылады. Бұл ретте несиелік тәуекелдікті түпкілікті қарыз алушы коммерциялық банктерге береді. Қор Қазақстан Республикасының аумағында шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қаржыландыру үшін жеке және қарыз қаражатын пайдаланады.

Қордың 16 аймақтық филиалдары бар. Бас кеңсе Қазақстанда, Алматы қаласында орналасқан.

Тіркелген мекен-жайы мен қызметтерді жүргізу орны. Қор Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111 мекен-жайы бойынша тіркелген.

Есеп берушілікті ұсыну валютасы. Осы қаржылық есеп берушілік, егер өзге ештеңе көзделмесе, қазақстандық теңгемен ұсынылады.

2 Қор өзінің қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тиісті өзіндік ерекшеліктерін көрсетуді жалғастырады. Мұндай өзіндік ерекшеліктердің басқа да қатарына елден тыс еркін айналымдағы ұлттық валютаның жоқтығы және мемлекеттік және жеке бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейі және нарықтың сәйкестігі мен ашықтығының жоқтығы жатады. Елдің экономикасы минералдық ресурстарға, атап айтқанда, мұнай мен газға бағаларға ерекше сезімтал. Құқықтық, салықтық және нормативтік жүйе дамуын жалғастырып отыр және жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды. 28 ескертпені қараңыз.

Қазақстанның экономикасы Ресей Федерациясының экономикасына елеулі тәуелді. Соңғы кездері Ресейде байқалып отырған саяси және экономикалық тұрақсыздық, негізінен, Украинадағы оқиғалар, кейбір ресейлік компанияларға қатысты енгізілген және болашақ халықаралық санкцияларды қоса, Қазақстанның экономикасына теріс әсерін беруі мүмкін, оның салдарларын болжау қиын. 2014 жылдың қараша айынан бастап ресей рублінің елеулі девальвациясы орын алды.

Орын алып отырған қаржылық нарықтардың тұрлаусыздығы және құбылмалылығы және басқа да тәуекелдер экономиканың қаржы және корпоративтік секторларына теріс әсерін беруі мүмкін. Болашақ экономикалық жағдай және нормативтік-құқықтық орта басшылықтың күтулерінен ерекшеленулері мүмкін. Қазақстан Республикасында 2015-2016 жылдардағы экономикалық тұрақтылықтың аталған келешектері Үкіметпен қабылданатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады. Қордың операциялық қызметіне теріс әсерін беруі мүмкін қаржылық және экономикалық жағдайлардағы болжанбайтын өзгерістердің болуы байқалады. 34 ескертпені қараңыз.

2 Қор өзінің қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

Басшылықтың қаржылық секторды және жалпы экономиканы дамытуға әсер етулері мүмкін барлық беталыстарды, сондай-ақ олардың Қордың болашақтағы қаржылық жағдайына қандай әсер етуі мүмкін екендігін (мұндай болған жағдайда) болжауға мүмкіндігі жоқ. Басшылық Қор қызметінің дамуына және тұрақтылығына қолдау көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтындығын болжайды.

2014 жылы 11 ақпанда Қазақстанның Ұлттық Банкі теңгенің айырбастау бағамын қолдауды тоқтатты және валюталық басқыншылық деңгейін төмендетті. Осының салдарынан, теңге 1 доллар үшін 185 теңгеге дейін құнсызданды немесе шамамен 19%. Осы уақыттан бері теңгенің бағамы ең төменгі флуктуацияны басынан кешірді.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау

Есептілікті дайындаудың негіздері. Берілген қаржылық есеп Халықаралық қаржы есептеме стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес, бастапқы құны бойынша есепке алу ережелерінің негізінде дайындалған, әділ бағасы бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындауға түзетумен және сату үшін қолда бар пайда немесе шығын арқылы әділ бағасы бойынша бағаланатын қаржы құралдары мен қаржылық активтерді қайта бағалаумен. Берілген қаржылық есепті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидаттары төменде берілген. Берілген қағидаттар есептемеде берілген барлық кезеңдерге қатысты реттілікпен қолданылған, егер басқа көрсетілмеген болса (5 ескертпені қараңыз).

Қаржы құралдары – бағалауға негізгі тәсіл. Қаржы құралдары әділ құны немесе амортизацияланған құны бойынша олардың жіктелімдеріне тәуелді көрсетіледі. Төменде бұл бағалау әдістерін сипаттау ұсынылған.

Әділ құны – бұл активті сату кезінде алынуы мүмкін немесе бағалау күніне нарықтың қатысушыларының арасында ерікті негізде операцияларды жүргізу кезінде міндеттемелерді табыстау кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнның ең жақсы растамасы белсенді нарықтағы белгіленетін баға болып табылады. Белсенді нарық – бұл тұрақты негізде бағалаулар туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін активтермен немесе міндеттемелермен операциялар жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық.

Белсенді нарықта айналыста болатын қаржы құралдарының әділ құны жеке активке немесе міндеттемеге, кәсіпорынмен ұсталатын олардың санына белгіленетін бағаны көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Істі тіпті, егер нарықтың жай тәуліктік сауда айналымын кәсіпорындағы активтер саны және кәсіпорындағы міндеттемелер жұту үшін жеткіліксіз болған жағдайда да жолға қоюға болады, ал жекелеген операцияларда жайғасымдарды сатуға тапсырыстарды орналастыруға белгіленген бағаға әсер етуі мүмкін. Әділ құнды бағалау үшін сұраным мен ұсыным бойынша спрэд шегіндегі баға пайдаланылады, ол қалыптасқан жағдайдағы әділ құн үшін барынша көрнекі болып табылады және оны басшылық есепті күндегі операцияның соңғы бағасына тең деп санайды. Қаржылық активтер үшін пайдаланылған белгіленген нарықтық баға сұранымның ағымдық бағасы; ал қаржылық міндеттемелер үшін пайдаланылған белгіленген нарықтық баға - ұсыныстың ағымдық бағасы болды.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Қаржылық туынды құралдардың немесе белсенді нарықта айналымға түспейтін басқа да қаржылық активтер мен міндеттемелер қоржыны нақты тәуекелдіктерді қабылдау үшін таза ұзын жайғасымдарды (яғни активтерді) сату кезінде немесе ағымдық нарықтық жағдайдағы бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операцияларды жүргізу кезінде нақты тәуекелдіктерді қабылдау үшін таза қысқа жайғасымдарды (яғни міндеттемелерді) беру кезінде алынуы мүмкін баға негізінде қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер тобының әділ құны бойынша бағаланады. Бұл, егер Топ (а) кәсіпорынның нақты нарықтық тәуекелдікке (немесе тәуекелділікке) немесе тәуекелдіктерді басқару немесе оның инвестициялық стратегиясы бойынша кәсіпорынның ресми стратегиясына сәйкес нақты контрагенттің несиелік тәуекелдігіне таза бейімделу негізінде қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді басқарса, көп еселік негізде әділ құн бойынша көрсетілетін активтер үшін қолданылады; (б) аталған негізде кәсіпорынның аға басшылық құрамына қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер топтары туралы ақпарат тапсырады; және (в) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерге байланысты туындаған кәсіпорынның нақты нарықтық тәуекелдікке (немесе тәуекелдіктерге) бейімділу ұзақтығын қоса алғанда, нарықтық тәуекелдіктер маңызы бойынша мәні бірдей болып табылады.

Дисконтталған ақша ағыны, сондай-ақ нарықтық жағдайларда немесе объектінің ағымдық құнының инвестициясына жасалатын балама операциялардың мәліметтеріне негізделген модельдер сияқты бағалау әдістері қаржылық құралдардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады, оларда мәмілелер бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімсіз. Әділ құнды бағалау нәтижелері мынадай ретпен әділ құнның иерархия деңгейі бойынша талданып, бөлінеді: (i) 1 деңгейге бірдей активтер мен міндеттемелер үшін белсенді нарықтағы белгіленген бағалар (түзетілмеген) жөніндегі бағалар, (ii) 2 деңгейге – бағалау әдістерінің көмегімен алынғандар, олардағы маңызды бастапқы пайдаланатын мәліметтердің барлық модельдері немесе тікелей (мысалы, бағасы) немесе жанама бағалар базасына есептелген бақыланатын актив немесе міндеттемелер болып табылады (яғни, мысалы бағалар) және (iii) 3 деңгей бақыланатын нарықтық мәліметтердегі міндетті емес бағалаулар болып табылады (яғни бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы мәліметтердің айтарлықтай көлемі талап етіледі). Әділ баға сатыларының бір деңгейін екіншісіне көшіру есептік кезеңнің аяғында орын алды деп саналады. 31 Ескертпені қараңыз

Мәмілелер бойынша шығындар қосымша шығындар болып табылады және тікелей қаржылық құралдарды алуға, шығаруға немесе істен шығаруға байланысты. Қосымша шығындар – бұл, егер мәміле болмаса, келтірілмейтін шығындар. Мәмілелер бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері ретіндегі қызметкерлерді қоса алғанда), консультанттарға, брокерлерге және дилерлерге төленетін сыйақыны және комиссияларды, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін жиындарды, сондай-ақ салықтар мен меншікті беру кезінде алынатын жиындарды қамтиды. Мәмілелер бойынша шығындарға сыйлықақы немесе қарыздық міндеттемелер бойынша дисконттар, қаржыландыруға арналған шығындар, ішкі әкімшілік шығындар немесе сақтауға арналған шығындар кірмейді.

Амортизацияланған құн негізгі қарыз төлемін шегергендегі, алайда өскен пайыздарды қоса алғанда, ал қаржылық активтер үшін – құнсызданудан келтірілген залалдарды кез-келген есептен шығаруды шегергендегі активтің бастапқы құнын білдіреді. Ұлғайған пайыздар мәміле бойынша шығындарды бастапқы мойындаған кезде кейінге қалдырылған амортизацияны, сондай-ақ кез-келген сыйлықақыны немесе тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы өтеу сомасынан алынған дисконттарды қамтиды. Кірістің ұлғайған пайыздары және ұлғайған ірі кіріс пен амортизацияланған дисконтты немесе сыйақыны (мұндай бар болса, комиссияларды беру кезінде кейінге шегерілгендерді қоса алғанда) қоса алғанда, ұлғайған пайыздық кірістер мен ұлғайған пайыздық шығыстар жекелей көрсетілмейді, қаржылық ереже туралы есептің тиісті бабының баланстық құнын қамтиды.

Пайыздың тиімді мөлшерлемелік әдісі – бұл құралдың баланстық құнына әрбір кезеңде тұрақты пайыздық мөлшерлемені (проценттің тиімді мөлшерлемесі) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезеңнің бойында пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды мойындау әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдардың әрекет етуінің күтілетін мерзіміне немесе қаржылық құралдардың таза баланстық құнына дейін барынша қысқа.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Тиімді пайыздық мөлшерлеме сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайызды өзгертудің келесі күніне дейін құбылмалы мөлшерлеме арқылы құралдар бойынша ақша ағынын дисконттау үшін пайдаланылады, олар осы құралдар үшін белгіленген құбылмалы мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәндерге байланысты белгіленбеген басқа да ауыспалы факторлар бойынша несиелік спредті көрсетеді. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құралдардың айналымға түсудің барлық күтілетін мерзімінің бойында амортизацияланады. Келтірілген құн есебі тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялық, төленген немесе тараптар алған келісімшарттарды қамтиды

Қаржылық құралдарды бастапқы мойындау. Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын саудалық бағалы қағаздар, туынды және басқа да қаржылық құралдар бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Барлық басқа қаржылық құралдар бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құн бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ құнды ең жақсы куәландыру мәміле бағасы болып табылады. Бастапқы мойындау кезіндегі кірістер немесе шығыстар тек, егер әділ құн мен мәміле құны арасында айырмашылық болған жағдайда ғана ескеріледі, оған дәлелдеме сол құралдар арқылы нарықта бақыланатын басқа да ағымдық мәмілелер немесе базалық мәліметтер ретінде тек бақыланатын нарықтар мәліметтерін ғана пайдаланатын бағалау әдісі бола алады

Қаржылық активтерді сатып алу мен сату, оларды жеткізу заңнамада белгіленген мерзімде жүргізілуі тиіс немесе аталған нарық үшін іскерлік айналым дәстүрі мәміле жасаған күні, яғни Қор қаржылық активті сатып алуға немесе сатуға міндеттенген күн көрсетіледі. Алу бойынша барлық басқа операциялар компания осы қаржылық құралдарға қатысты шарт жағында болғанда мойындалады.

Қаржылық активтерді мойындауды тоқтату. Қор қаржылық активтерді мойындауды (а) осы активтер жұтылғанда немесе осы активтерге байланысты ақша ағынына құқық өзге әдіспен аяқталғанда немесе (б) Қор қаржылық активтерден түскен ақша ағынына арналған құқықты бергенде немесе беру туралы келісім жасағанда және бұл жағдайда, (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге байланысты маңызы бойынша барлық тәуекелділіктер мен пайдаларды бергенде немесе (ii) осы активтерді иеленуге байланысты маңызы бойынша барлық тәуекелділіктер мен пайдаларды бермегенде немесе сақтамағанда, алайда осы активтерге қатысты бақылау құқығын жоғалтқанда тоқтатады. Егер контрагентте сатуға шектеу енгізусіз үшінші тарапқа байланысы жоқ активті толықтай сатуға іс жүзінде мүмкіндік болмағанда бақылау сақталады.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары. Ақша қаражаттары және олардың баламалары ақша қаражатының белгілі сомасына жеңіл айырбасталатын және баға өзгерісінің елеулі тәуекелдігіне ұшыраған баптар болып табылады. Ақша қаражаттары және олардың баламалары банкаралық депозиттерді және өтеудің бастапқы мерзімі кемінде 3 ай басқа банктермен кері репо шарттарын қамтиды. Үш айдан артық мерзімде пайдалануға шектелген құралдар алынып тасталынады. Ақша қаражаттары және олардың баламалары амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша есептелетін бағалы қағаздар – бұл қаржылық активтер, олар қысқа мерзімде бағалар немесе сауда маржасы немесе қысқа мерзімді кірістерді алу үшін нақты пайдаланылатын қоржынның бөлігі болып табылатын бағалы қағаздар ауытқушылығының есебінен кірістер алу мақсатында алынады. Қор бағалы қағаздарды, егер онда алған сәттен бастап оларды қысқа кезеңнің бойында сатуға ниеті болса, саудалық бағалы қағаздар сияқты жіктейді. Қор туынды емес саудалық қаржылық активті, егер бұл актив жақын уақытта сату мақсаты үшін ұсталмаса, кірістер мен шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санаттан ауыстыра алады. Кредиторлық және дебиторлық берешек санатына жатпайтын қаржылық активтер өзгеше сипаттағы оқиғаларға, оның жақын болашақта қайталану ықтималдығы екіталай жағдайларға байланысты туындаған сирек жағдайда кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа қайта жіктелуі мүмкін. Кредиторлық және дебиторлық берешектер анықтамасына жауап беретін қаржылық активтер, егер Қордың осы қаржылық активтерді болашақта немесе жұтуға дейін көзге түсерліктей ұстап тұру ниеті мен қабілеті болса, қайта жіктелуі мүмкін.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Саудалық бағалы қағаздар әділ құн бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген саудалық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кірістер бір жылдағы кірістер немесе шығыстар арқылы пайыздық кіріс ретінде көрсетіледі. Дивиденттер тиісті төлемдерді алуға және дивиденттерді алу ықтималдығының болу шартымен Қор құқықты белгілеген кезде, басқа операциялық кірістер құрамындағы дивиденттер бойынша кіріс ретінде көрсетіледі. Барлық басқа компоненттердің әділ құнын өзгерту, сондай-ақ мойындауды тоқтату бойынша кірістер немесе шығыстар олар туындаған кезеңде саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кіріс ретінде бір жылдағы кірісте және шығыста көрсетіледі.

Қаржылық мекемелердегі қаржылар. Қаржылық мекемелердегі қаржылар Қор ақша қаражатын банк-контрагенттерге белгіленген немесе анықталған күні жұтылуға жататын аванстық төлемдер түрінде ұсынған жағдайда есептеледі, бұл жағдайда Қорда туынды қаржылық құралдарға байланысы жоқ және ашық нарықтағы белгісі жоқ дебиторлық берешектерден туындаған сауда операцияларын жүзеге асыру жоспары болмайды. Қаржылық мекемелердегі қаражаттар амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Клиенттерге несиелер мен аванстар. Клиенттерге несиелер мен аванстар Қор ақша қаражатын клиенттерге туынды қаржылық құралдарға байланысы жоқ және белгіленген немесе анықталған күні жұтылуға жататын ашық нарықтағы белгісі жоқ дебиторлық берешектерді алу немесе құру мақсатында аванстық төлем түрінде бергенде есептеледі және бұл жағдайда, Қорда осы дебиторлық берешектер арқылы сауда операцияларын жүзеге асыру ниеті болмайды. Клиенттерге несиелер мен аванстар амортизацияланған құн бойынша есептеледі.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржылық активтердің құнсыздануы. Құнсызданудан болған шығындар қаржылық активтерді бастапқы мойындағаннан кейін болған және қаржылық активтерге немесе сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалауға болатын қаржылық активтердің топтарына байланысты есептік болашақ ақша ағынының көлеміне немесе уақытша мерзімге ықпал ететін бір немесе одан көп оқиғалар («залалдар оқиғасы») нәтижесінде оларға келтірілген шаралар бойынша бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда мойындалады. Егер Қорда жеке бағаланған қаржылық активтер (оның маңызына қарамастан) үшін құнсыздануға шынайы дәлелдеме болмаған жағдайда, бұл активтер несиелік тәуекелдігінің ұқсас сипаттамалары арқылы қаржылық активтер тобына кіреді және оның құнсыздану мәннің жиынтығында бағаланады. Қор қаржылық активтердің құнсыздануы туралы мәселені қарау кезінде назарға алатын негізгі фактор оның мерзімі өткен мәртебесі және мұндай бар болса, кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру мүмкіндігі болып табылады.

Төменде негізгі өлшемдер тізбеленген, оның негізінде құнсызданудан болған залалдардың шынайы белгілерінің бар-жоғы анықталады:

- кез-келген кезекті төлем мерзімінің өтуі және бұл жағдайда өз уақытында төленбеген төлем жұмыстағы есептік жүйенің кешіктірілуімен түсіндірілмейді;
- қарыз алушы едәуір қаржылық қиындықтарды сынақтан өткізеді, бұл Қордың басқаруындағы қарыз алушы туралы қаржылық ақпаратпен расталады;
- қарыз алушыға банкроттық немесе қаржылық қайта құру қаупі бар;
- қарыз алушыға әсер ететін ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгерісімен түсіндірілген қарыз алушының төлем мәртебесінің теріс өзгерісі болады; немесе
- қамтамасыз ету құны нарықтағы жағдайдың нашарлауы нәтижесінде едәуір төмендейді.

Құнсыздануды жиынтық бағалау мақсатында қаржылық активтер несиелік тәуекелдіктердің ұқсас өзгешелігі бойынша топталады. Бұл өзгешеліктер осындай активтер топтары үшін болашақ ақша қаражатының ағынын бағалауға жатады және бағаланған активтерге қатысты келісімшарттық шарттарға сәйкес барлық тиесілі сомаларды дебиторлардың өтеу қабілеті туралы куәландырады.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Қаржылық активтер тобындағы ақша қаражатының болашақ ағындары құнсыздану мәні жиынтығымен бағаланады, олар осы активтерге байланысты келісімшарттық ақша қаражаты негізінде және болған шығындар оқиғасы нәтижесінде туындаған басшылықтағы мерзімі өткен берешектердің көлемі туралы, сондай-ақ мерзімі өткен берешектерді өтеу жетістігі туралы статистика негізінде анықталады. Өткен жылдар статистикасы алдыңғы кезеңдерге ықпал етпеген ағымдық жағдайларға әсер етуді көрсету үшін, сондай-ақ ағымдық кезеңде болмаған өткен оқиғалар әсерін қалпына келтіру үшін ағымдық бақыланатын негізде түзетіледі.

Егер амортизацияланған құн бойынша көрінетін құнсызданған қаржылық активтер шарты қарыз алушының немесе эмитенттің қаржылық қиындықтарына байланысты қандай-да бір әдіспен қайта қаралса немесе өзгертілсе, құнсыздану шартты өзгерткенге дейін бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып анықталады.

Құнсызданудан болған шығындар әрқашан осы активтер бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконттаудан күтілетін ақша ағынының (оған сол уақытта залал келтірілмеген несие бойынша болашақ шығындар кірмейді) ағымдық құнына дейін активтің баланстық құнын төмендету үшін қажетті көлемде резерв құру жолымен мойындалады. Қамтамасыз етілген қаржылық активтердің күтілетін болашақ ағынының дисконтталған құнының есебі ақша ағынын қамтиды, ол кредитордың борышқор мүлігін иеленуге кірісу ықтималдығының деңгейіне қарамастан, қамтамасыз етуді алуға және сату шығындарын шегергенде, кредитор борышқор мүлігін иеленуге кірісу нәтижесінде туындауы мүмкін.

Егер алдағы кезеңде құнсызданудан болған шығындар сомасы төмендесе және бұл төмендеу құнсыздану белгілерінен кейін (мысалы, дебитордың кредиттік рейтингінің артуы) басталған оқиғаларға шынайы қатысты болса, құнсызданудан болған бұрын көрсетілген шығындар бір жылдағы кірістер мен шығыстар арқылы жасалған резервті түзету арқылы қалпына келтіріледі.

Өтеу мүмкін емес активтер және оларға қатысты толықтай немесе ішінара өтеу мақсатында аяқталған барлық қажетті рәсімдер және шығынның түпкілікті анықталған сомасы құнсыздануға жататын құрастырылған резервтер есебінен шығарылады. Бұрын шығарылған сомаларды кезекті қалпына келтіру бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстардан болған шығындар есебіне жатады.

Төлемегені үшін меншікке алған қамтамасыз ету. Төлемегені үшін меншікке алған қамтамасыз ету мерзімі өткен несиелерді реттеу кезінде Қор алған қаржылық және қаржылық емес активтерді қамтиды. Бұл активтер бастапқыда алу кезіндегі әділ құн бойынша мойындалады және негізгі құралдарға, басқа қаржылық активтерге немесе олардың ерекшелігіне, сондай-ақ осы активтерді өндіруге қатысты Қордың жоспарына байланысты басқа активтер құрамындағы қорларға кіреді, ал салдары активтердің осы санаттары үшін есеп саясатына сәйкес қайта бағаланады және есептеледі.

Несиелік сипаттағы міндеттемелер. Қор несиелерді беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер шығарады. Қаржылық кепілдіктер клиенттер үшінші тұлғалардың алдында өзінің міндеттемелерін орындамаған және несие ретінде несие тәуекелдікке ұшыраған жағдайда, төлемді жүргізуге қайтарымсыз міндеттемені қамтиды. Несиелерді беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер бастапқыда, әдеттегідей, алынған комиссиялар сомасымен куәландырылған әділ құн бойынша көрсетіледі. Осы сома несиені беру бойынша міндеттемелерді қоспағанда, міндеттеменің барлық әрекет ету мерзімінің бойында желілік әдіспен амортизацияланады, егер ондай ықтималдылық болған жағдайда, Қор нақты несие келісін жасайды және оны тапсырғаннан кейін қысқа кезеңнің бойында несиені іске асыруды жоспарламайды; несиелерді беру бойынша міндеттемелерге байланысты комиссиялық кірістер болашақ кезеңдегі кірістер ретінде есептеледі және бастапқы мойындау кезінде несиенің баланстық құнына кіреді. Әрбір есептік кезеңнің соңында міндеттемелер барынша (i) бастапқы мойындаудың амортизацияланған сомасы; және (ii) есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығындарды үздік бағалау бойынша бағаланады.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар. Бағалы қағаздардың осы санаты инвестициялық бағалы қағаздарды қамтиды, оны Қор уақыттың белгісіз кезеңінің бойында ұстап тұруға ниет етеді және олар өтімділікті қолдау бойынша талаптарға байланысты немесе пайыздық мөлшерлемелердің, айырбастау бағамдарының немесе акция бағаларының өзгеруі нәтижесінде сатылуы мүмкін.

Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар әділ құн бойынша есептеледі. Сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі негізінде есептеледі және бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда көрсетіледі.

Сату үшін қолда бар үлестік инвестициялар бойынша дивиденттер Қор төлемдерді алуға құқықты белгілеу кезінде және дивиденттерді алу ықтималдығының болу шартымен бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда көрсетіледі. Әділ құнды өзгертудің барлық қалған компоненттері инвестицияларды мойындауды тоқтатқанға немесе оның құнсыздануына дейін басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі, бұл жағдайда жиналған кіріс немесе шығыс басқа жиынтық кірісінің санатынан бір жыл ішіндегі кірісіне немесе шығысына көшіріледі. Құнсызданудан болған шығындар сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды бастапқы мойындағаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалар («шығындар оқиғасы») нәтижесінде келтірілген шаралар бойынша бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда мойындалады. Оны алу құнынан төмен үлестік бағалы қағаздардың әділ құнының едеуір немесе ұзақ төмендеуі оның құнсыздану белгісі болып табылады. Алу құны мен осы активтердің құнсыздануынан болған шығындарды шегергендегі ағымдық әділ құнның арасындағы айырмашылық ретінде анықталған құнсызданудан болған жиналған шығын бастапқыда кірістер мен шығыстарда мойындалды, басқа жиынтық кіріс санатынан бір жыл ішіндегі кірістерге немесе шығыстарға ауыстырылады. Үлестік құралдардың құнсыздануынан болған шығындар қалпына келтірілмейді, ал кезекті кірістер басқа жиынтық кірістер құрамында көрсетіледі. Егер кезекті есептік кезеңде «сату үшін қолда бар» санатына жататын борыштық құралдардың әділ құны ұлғайтылады және мұндай ұлғайту кірістердегі немесе шығыстардағы құнсызданудан шығындарды мойындағаннан кейін болған оқиғаға объективті түрде жатқызылуы мүмкін, онда құнсызданудан болған шығындар бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстар арқылы қалпына келтіріледі.

Сату және кері сатып алу, бағалы қағаздар қарызы шарттары бойынша мәмілелер. Сату және кері сатып алу («репо» шарттары) шарттары бойынша мәмілелер контрагенттің кредитор кірістілігін нақты қамтамасыз етеді, бағалы қағаздардың құнсыздануы қаражат тарту операциясы ретінде қаралады. Сату және кері сатып алу шарттары бойынша сатылған бағалы қағаздарды мойындау тоқтамайды. Бағалы қағаздарды қаржылық жағдай туралы есептің басқа бабына қайта жіктеу алушы тұлға келісімшарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес бағалы қағазды сатуға немесе қайта кепілдікке қоюға құқығы болған жағдайдан басқа жағдайда жүргізілмейді. Мұндай жағдайда олар «Репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек» ретінде жіктеледі. Тиісті міндеттемелер «Басқа банктер қаражаты» немесе «Басқа қарыз қаражаты» жолдары бойынша көрсетіледі.

Қор кредиторының кірістілігін нақты қамтамасыз ететін кері сату («кері репо») міндеттемесі бар шарттар жөніндегі мәмілелер бойынша алынған бағалы қағаздар контрагентке байланысты «Басқа банктердегі қаражаттар» немесе «Клиенттерге несиелер мен аванстар» ретінде көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырмашылық пайыздық кіріс ретінде мойындалады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша репо шартының барлық әрекет ету мерзімінің ұзақтығында есептеледі.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Контрагентке белгіленген сыйақы үшін қарыз ретінде берілген бағалы қағаздар контрагентке келісімшарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес осы бағалы қағаздарды сату немесе қайта кепілдікке қою құқығына ие жағдайлардан басқа қаржылық ереже туралы есептің бастапқы бабындағы қаржылық есепте көрсетілуін жалғастырады. Мұндай жағдайда оларды қайта жіктеу жеке баланстық баппен жүргізіледі. Белгіленген сыйақы үшін қарыз ретінде алынған бағалы қағаздар оларды үшінші тараптар сатқан жағдайдан басқа жағдайда, қаржылық есепте көрсетілмейді. Мұндай жағдайда осы бағалы қағаздарды алу мен сатудан алынған қаржылық нәтиже «Саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер» жолы бойынша бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда көрсетіледі. Бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме «Басқа қарыз қаражаттары» жолы құрамындағы әділ құн бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдар. Негізгі құралдар жиналған тозуды және құнсызданудан болған резервті (ол қажет болған жерде) шегергенде, алу құны бойынша көрсетіледі.

Болмашы жөндеу мен техникалық қызмет көрсету бойынша шығындар олар пайда болған көлем бойынша есептеледі. Негізгі құралдардың ірі компоненттерін ауыстыру бойынша шығындар ауыстырылған компоненттерді кезекті шығару арқылы капиталдандырылады.

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Құнсыздану белгілері болған кезде, басшылық өтелетін құнды бағалауды жүргізеді, ол оны пайдалану нәтижесінде алатын құн мен сату шығындарын шегергенде, активтің барынша әділ құны ретінде анықталады. Баланстық құн өтелетін құнға дейін төмендетіледі, ал құнсызданудан болған шығын бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстарға жатады. Алдыңғы кезеңдердегі қандай-да бір активтер үшін көрсетілген құнсызданудан болған шығындар, егер олар активтерді пайдалану нәтижесінде алынған құнды немесе сату шығындарын шегергенде, оның әділ құнын анықтау үшін пайдаланылатын бағаларды өзгертуде орын алғанда қалпына келтіріледі.

Баланстық құнның түсімдер сомасын салыстыру арқылы анықталатын шыққан кірістер мен шығыстар бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстардағы басқа операциялық кірістер мен шығыстар құрамында көрсетіледі.

Амортизация. Жер амортизациялауға жатпайды. Негізгі құралдар бойынша амортизация желілік әдісті, яғни құнды пайдалы активтерді пайдаланудың келесі есептік мерзімінің бойында қалдық құнға дейін тең төмендету арқылы есептеледі:

	<u>Пайдалы пайдалану мерзімі (жыл саны)</u>
Ғимараттар	100 жылға дейін
Кеңселік және компьютерлік қондырғылар	8 жылға дейін
Көлік құралдары	7 жылға дейін
Басқалар	10 жылға дейін

Активтің қалдық сомасы – бұл Қордың, егер актив пайдалы пайдалану мерзімінің соңына жетсе және пайдалы пайдалану мерзімінің соңы үшін жағдай ерекше болса, шығудың болжанған шығындарын шегергеннен кейін активті шығаруда ағымдық сәтте алуы мүмкін есептік сома. Активтердің қалдық құны және олардың пайдалы пайдалану мерзімі қайта қаралады және егер қажет болса, әрбір есептік кезеңнің соңында түзетіледі.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Материалдық емес активтер. Қордың материалдық емес активтерінде пайдалы пайдаланудың белгілі мерзіміне ие және негізінен капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету мен лицензияларды қамтиды.

Бағдарламалық қамтамасыз етуге алынған лицензиялар осы бағдарламалық қамтамасыз етуді алуға және енгізуге келтірілген шығындар негізінде капиталдандырылады. Қор бақылайтын бірегейлестірілген және бірегей бағдарламалық қамтамасыз етуге тікелей байланысты өзірленімдерге арналған шығындар, егер қосымша экономикалық пайда сомасы шығын сомасынан асып кетуі күтілсе, материалдық емес активтер ретінде көрсетіледі. Капиталдандырылған шығындар Қордың бағдарламалық қамтамасыз етуін әзірлеушілерді ұстау шығындарын және жүк-құжат шығындарының тиісті үлесін қамтиды. Бағдарламалық қамтамасыз етуге (мысалы, оған қызмет көрсетуге) байланысты барлық басқа шығындар оларды келтіру шаралар бойынша есептеледі. Капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімінің бойында желілік әдіспен амортизацияланады, ол 7 жылды құрайды.

Операциялық жалға алу. Қор жалға алушы рөліне кіріскенде, объектілерді жалға алуды иеленуден түскен кірістер мен тәуекелдіктер Қорды жалға берушілерге берілмейді, операциялық жалға алу шарттары бойынша төлемдердің жалпы сомасы жалға алу мерзімінің бойында тең есептен шығару әдісін пайдалану арқылы бір жылдағы кірістерде немесе шығыстарда көрсетіледі (жалдау шығындары ретінде).

Қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек. Қор жалға алушы рөліне кіріскенде, объектілерді жалға алуды иеленуден түскен кірістер мен тәуекелдіктер, жалға берілген активтер қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек ретінде көрсетіледі және болашақ жалгерлік төлемнің дисконтталған құны бойынша есептеледі. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бастапқыда жалгерлік мәміле күні анықталған дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы жалдық қатынас туындаған күні көрсетіледі (жалгерлік мәміле күні жалдау шартын жасау күні немесе бұрын қандай күннің басталғанына қарамастан, қатысушылардың жалға қатысты жалдық негізгі ережелерін куәландыру күні болып саналады).

Дебиторлық берешек пен болашақ жалгерлік төлемнің дисконтталған құны сомасының арасындағы айырмашылық алынбаған қаржылық кірістерді білдіреді. Осы кірістер таза инвестициялар әдісін пайдалану арқылы жалдау мерзімінің бойында анықталады, ол жалгерлік шартының барлық әрекет ету мерзімінің бойында кірістіліктің тұрақты нормасын білдіреді. Жалдық қатынастарды тікелей ұйымдастыруға қатысты қосымша шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасын қамтиды және жалгерлік кезеңінде мойындалатын кіріс сомасын азайтады. Жалдау бойынша қаржылық кірістер бір жылдағы кірістер мен шығыстарда көрсетіледі.

Құнсызданудан болған шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті бастапқы мойындағаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалар («шығындар оқиғасы») нәтижесінде олардың туындау шаралары бойынша бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда мойындалады. Құнсызданудан болған шығындардың шынайы белгілерінің бар-жоқтығын анықтау үшін Қор несие бойынша амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін сол негізгі өлшемдерді пайдаланады. Құнсызданудан болған шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің таза баланстық құны мен қосалқы жалдау шартына кірістілік нормаларын қолдану арқылы дисконтталған күтілетін болашақ ақша ағынының ағымдық құны (әлі келтірілмеген болашақ шығынды қоспағанда) арасындағы айырмашылық көлемінде резерв құру жолымен мойындалады. Есептік болашақ ақша ағыны ақша ағынын көрсетеді, олар жалдау шарты бойынша активтерді алу және сату нәтижесінде туындауы мүмкін.

Қарыз қаражаттары. Қарыз қаражаттары Қорға ақша қаражатын немесе контрагенттердің басқа да активтерін ұсынған кезден бастап көрсетіледі. Туынды емес қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Егер Қор жеке берешекті алса, бұл міндеттеме қаржылық ереже туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген сома арасындағы айырмашылық берешекті реттеуден болатын кірістер немесе шығыстар құрамына енеді.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Қаражаттандыру бағдарламасы. Субсидиялар Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған қаржыландыруды немесе әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар мақсаттары үшін жауапты органды қамтиды. Қор қаражаттандыру бағдарламасы бойынша агент ретінде жұмыс істейді. Үкіметтен алған қаржыландыру қаражатты өтегенге дейін қаражаттандыру бағдарламасы бойынша міндеттеме ретінде мойындалады. Болашақта қаржыландыру Үкімет қаржыландырған жобалар үшін төлем ретінде жергілікті банктерге беріледі. Қор жеке қаржыландыруды жергілікті банктерге бергенде, төлем мемлекеттік қаржыландыруды алғанға дейін қаражаттандыру бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек ретінде есептеледі.

Туынды қаржылық құралдар. Туынды қаржылық құралдар, валютаны айырбастау келісімшарттарын, пайыздық фьючерстерді, болашақ пайыздық ставка туралы келісімдерді, валюталық және пайыздық своптарды, сондай-ақ валюталық және пайыздық опциондарды қоса, әділ құны бойынша көрсетіледі.

Барлық туынды құралдар активтер ретінде есепке алынатын болады, егер аталған құралдардың әділ құны оң болып табылатын болса, және міндеттемелер ретінде, егер олардың әділ құны теріс болып табылатын болса. Туынды құралдардың әділ құнын өзгертулер бір жыл ішіндегі пайдаға немесе шығысқа қосылатын болады (туынды қаржылық құралдар бойынша шығындарды шегере отырып кірістер). Қор хеджирлеуді есепке алуды қоланбайды.

Пайда салығы. Қаржылық есепте заңнама талабына сәйкес есептік кезеңнің соңында маңызы бойынша күшіне енген немесе қолданыстағы салық салу бойынша шығыстар көрсетілген. Пайда салығы бойынша шығыстар бір жыл ішіндегі ағымдық салықтар бойынша шығыстарды және кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстарды қамтиды. Табыс салығы басқа жиынтық кіріс немесе тікелей жеке қаражаттар шотында көрсетілетін меншік иелерімен операциялар құрамында көрсетілетін операцияларға қатысты сомаларды қоспағанда, толық көлемде кірістер немесе шығындар құрамында көрсетіледі, олар тиісінше басқа жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетіледі

Ағымдық табыс салығы есептік күнгі жағдай бойынша қолданылған пайдаға арналған салық, сондай-ақ алдыңғы жылдар үшін табыс салығының сомасын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасы бойынша мөлшерлемені ескере отырып, есептік кезеңде жоспарланған салық салынатын пайдадан шығатын көлеммен есептеледі. Салық салынатын пайда немесе шығын, егер қаржылық есеп тиісті салықтық декларацияны тапсырғанға дейін бекітілсе, бағалау көрсеткіштеріне негізделеді, әкімшілік және басқа да операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтердің баланстық құны мен оларды қаржылық есепте және оларды салықтық базада көрсету мақсаты үшін анықталған міндеттемелер арасында туындаған уақытша айырмашылықтарға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтың көлемі салықтық мөлшерлемелермен анықталады, олар есептік күнгі жағдай бойынша маңызы жөнінде заңмен қолданысқа енгізілген немесе қолданылатындарға негізделе отырып, уақытша айырмашылықты болашақта және қалпына келтіру кезінде қолданады. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер салық салу ставкаларын пайдалана отырып, анықталады, олар қолданылады немесе есепті кезеңнің соңына қолданыста болады, және олар күтілетіндей, уақытша айырмашылықтар немесе кейінге қалдырылған салықтық шығындар іске асырылатын кезеңде қолданылатын болады.

Салық салу базасын азайтатын уақытша айырмашылықтар бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер және кейінге қалдырылған салықтық шығындар оларға қарсы салық салынатын уақытша айырмашылықтар пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы қаншалықты болуы дәрежесінде көрсетіледі.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Анықталмаған салықтық жайғасымдар. Қордың анықталмаған салықтық жайғасымдарын басшылық әрбір есептік кезеңнің соңында бағалайды. Салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер басшылық, егер Қордың салықтық жайғасымын салық органдары дауласа, қосымша салықтық міндеттемелердің туындауы ықтимал деп санаған жағдайда ескеріледі. Мұндай баға есептік кезеңнің соңында күшіне енетін немесе қолданыстағы салықтық заңнаманы және соттың кез-келген белгілі қаулысын немесе ұқсас мәселелер бойынша өзге де шешімдерді түсіндіру негізінде орындалады. Пайдаға кірісті қоспағанда, айыппұлдар, өсімдер мен салықтар міндеттемесі есептік кезеңнің соңында міндеттемелері реттеу үшін қажет басшылықтың ең үздік бағалар шығындары негізінде көрсетіледі.

Міндеттемелердегі резервтер мен аударымдар. Міндеттемедегі резервтер мен аударымдар белгілі мерзімі немесе сомасы бар қаржылық емес сипаттағы міндеттемелерді қамтиды. Резервтер Қорда есептік күнге дейін туындаған міндеттемелер болған кезде (құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден пайда болған), қаржылық есепте көрсетіледі. Бұл жағдайда осы міндеттемелерді орындау үшін Қорға экономикалық ресурстардың жылыстауы талап етілетін жоғары ықтималдық болады және міндеттеме сомасы дәлдіктің жеткілікті деңгейімен бағаланады.

Жеткізушілермен есеп айырысу және басқа кредиторлық берешек. Кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек контрагенттер өздерінің міндеттемелерін орындаған кезде мойындалады және амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Акционерлік капитал. Жай акциялар мен дивиденттер басшылықтың қарауы бойынша жарияланады, жеке қаражат ретінде көрсетіледі. Жаңа акциялар эмиссиясына тікелей қатысты қосымша шығындар түсімді азайту ретінде жеке қаражаттар құрамында көрсетіледі (салықты есептеусіз). Өділ құнмен алынған құралдар сомасы шығарылған акциялардың номиналдық құнынан асып кетеді, эмиссиялық кіріс ретінде жеке қаражаттар құрамында көрсетіледі.

Дивиденттер. Дивиденттер олар жарияланған кезең капиталында көрсетіледі. Есептік кезең аяқталғаннан кейін, алайда қаржылық есеп шығаруға бекітілгенге дейін жарияланған барлық дивиденттер туралы ақпарат «Есептік кезең аяқталғаннан кейінгі оқиға» ескертпесінде көрсетіледі. Кірістерді және оның басқа да жұмсалуды бөлу қазақстандық заңнама талабына сәйкес даярланған бухгалтерлік есеп негізінде жүзеге асырылады. Кірістерді бөлу қазақстандық заңнама талабына сәйкес қазақстандық заңнама талабына сәйкес даярланған қаржылық есеп бойынша ағымдағы жылдың таза кіріс негізінде жүзеге асырылады.

Кірістер мен шығыстарды көрсету. Барлық қарыздық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есеп пайыздық кірістер мен шығыстарға барлық комиссиялар мен шарт тараптары төлеген және алған және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын жиымдарды, мәмілелер бойынша шығындарды, сондай-ақ барлық басқа сыйақыларды немесе дисконттарды қамтиды.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге қатысты комиссиялар қаржылық активті қалыптастыруға немесе алуға немесе қаржылық міндеттемелерді (мысалы, несие қабілетін бағалау үшін комиссиялық, құралдарды тапсыру шартын реттеу мен мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін кепілдіктерді немесе қамтамасыз етуді бағалау немесе есебі) шығаруға байланысты алынған немесе төленген комиссияларды қамтиды. Нарықтық мөлшерлеме бойынша несие бергені, міндеттеме шығарғаны үшін Қор алған комиссиялар, егер Қордың нақты несиелік келісім жасау және оны тапсырғаннан кейін қысқа кезеңнің бойында несиені іске асыруды жоспарламау ықтималдығы болған жағдайда, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Қор несие беру бойынша міндеттемені кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттеме ретінде жіктемейді.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Егер берілген несиелер мен басқа да қарыздық құралдарды өз уақытында өтемеуге күмән туындаған жағдайда, олар құнсыздану сомасын анықтау мақсатында болашақ ақша ағынын дисконттау үшін пайдаланылған тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде пайыздық кірісті кезекті көрсету арқылы өтелетін құнға дейін есептен шығарылады.

Барлық басқа комиссиялық кірістер, басқа да кірістер және басқа шығыстар әдеттегідей ұсынылуы тиіс қызметтердің жалпы көлемінде нақты көрсетілген қызметтердің үлесі ретінде анықталатын нақты мәмілелердің аяқталу дәрежесіне байланысты есептеу әдісі бойынша көрсетіледі.

Үшінші тараптар үшін мәмілелерді ұйымдастыру бойынша комиссиялық кірістер, мысалы, несиелерді, акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды алу немесе көзделген операцияларды жасау кезінде алынған компанияларды сатып алу немесе сату мәмілелерді аяқтау бойынша көрсетіледі. Инвестициялық қоржындарды басқару мен басқа да басқару және консультациялық қызметтер бойынша комиссиялық кірістер әдеттегідей, жұмсалған уақытқа тең қызметтер көрсету туралы шарттың шартына сәйкес көрсетіледі. Инвестициялық қорлардың активтерін басқару бойынша комиссиялық кірістер аталған қызметтерді көрсету кезеңінің бойында көрсетілген қызметтердің көлеміне үйлесімді көрсетіледі. Бұл принцип мүлікті басқаруға, қаржылық жоспарлауға байланысты қызметтерге қатысты және депозитарлық қызметтерге қатысты қолданылады, олар ұзақ уақыт кезеңінің бойында тұрақты негізде көрсетіледі.

Шетелдік валютаны қайта бағалау. Қордың атқарымдық валютасы Қор өзінің қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық аймақтың валютасы болып табылады. Қордың атқарымдық валютасы және есепті беру валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы, теңге болып тапбылады.

Шетелдік валютада есептелген операциялар операцияны жүргізу күніне басым болатын айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютада есептелген өтеу операцияларынан бағамдық айырмашылықтар осы күнге белгіленген айырбастау бағамын пайдалана отырып, жиынтықты кіріс туралы есепке қосылады.

Шетелдік валютада есептелген ақша активтері мен міндеттемелер есептік күнге Қазақстандық қор биржасының (ары қарай «ҚҚБ») ресми айырбастау бағамын пайдалана отырып, теңгеге аударылады. Шетелдік валютадағы ақшалай емес активтер мен міндеттемелер және операциялар операцияны өткізу күніне ҚҚБ айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Жылдың соңына айырбастау бағамы бойынша қайта есептеу бастапқы құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптарға қолданылмайды. Бағамдық айырмашылықтан пайда мен шығындар жиынтықты кіріс туралы есепте таза негізде көрсетіледі.

2014 жылдың 31 желтоқсанына шетелдік валютадағы есепшоттар бойынша қалдықтарды қайта бағалау үшін пайдаланылған ресми айырбастау бағамы 1 АШ доллары үшін 182,35 теңгені құрады (2013 жылдың 31 желтоқсаны: 1 АҚШ доллары үшін 153,61 теңге). Теңгені басқа валюталарға аударуға қатысты валюталық шектеулер мен бақылаулар бар. Теңге Қазақстан Республикасынан тысқары еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

Өзара есепке алу. Қордың қаржылық активтері мен міндеттемелері қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынады, таза шамасы заңнамалық белгіленген көрсетілген сомаларды өзара есепке алуды жүргізу, сондай-ақ не өзара есепке алуды жүргізуге ниет білдіру, не активті бір мезгілде іске асыру және міндеттемелерді реттеу құқы қолданыста болатын жағдайларда көрсетіледі.

Қызметкерлер құрамын ұстауға және соларға байланысты аударымдарға арналған шығындар. Еңбекақыға, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, жыл сайынғы демалыс пен науқастық қағазға төленген төлемдер, сыйақылар мен ақшалай емес жеңілдіктер Қор қызметкерлеріне тиісті қызметтерді көрсету шаралары бойынша есептеледі. Қорда қандай-да бір құқықтық немесе белгіленген жарналар арқылы мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа зейнетақы төлемі немесе балама төлемдер бойынша іскерлік тәжірибеден шығатын міндеттемелер жоқ.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)

Шығарғаннан кейін қаржылық есептілікке өзгерістер енгізу. Шығарғаннан кейін қаржылық есептілікке кез-келген өзгерістер есеп берушілікті шығаруға рұқсат берген Қор Басшылығының куәландыруын талап етеді.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар

Қор есеп сомасында және активтердің баланстық құнына және келесі қаржы жылындағы міндеттемелерде көрсетілгендерге ықпал ететін бағалау мен жорамалдарды жүргізеді. Бағалаулар мен жорамалдар басшылық тәжірибесі мен басшылықтың пікірі бойынша ағымдық міндеттемелер тұрғысында негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерді қоса алғанда, басқа да факторлар негізінде тұрақты талданады. Есептік саясатты қолдану процесінде басшылық сондай-ақ кәсіби пайымдамалар мен бағалауды пайдаланады. Қаржылық есепте көрсетілетін сомалар мен нәтижесі келесі қаржылық жылдың бойындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын түзетудегі маңызды бағаларға барынша елеулі ықпал етеді, олар мыналарды қамтиды:

Қызметтің үздіксіздігі. Басшылық берілген қаржылық есепті қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде дайындаған. Аталған пайымдауды жасау кезінде басшылық Қордың қаржылық жағдайын, ағымдағы әрекеттері, операцияларының табыстылығын және қаржылық ресурстарға қол жеткізуін есепке алған.

Қаржылық мекемелердегі несиелердің, клиенттердің аванстары мен қаражаттардың құнсыздануынан болған шығындар. Қор қаржылық мекемелердегі өзінің несиелік қоржыны мен қаражатының құнсыздану мәнін тұрақты негізде талдап отырады. Оны анықтау кезінде бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстардағы құнсызданудан болған шығындарды қадағалап отыру қажет. Қор қаржылық мекемелердегі несие қоржыны мен қаражаттар бойынша есептік болашақ ақша ағынының өлшенген төмендеуі туралы куәландыратын көрінетін белгілердің бар-жоқтығы туралы кәсіби пайымдауды қолданады, алдымен сол немесе басқа жағдайда жеке несие бойынша төмендеу анықталуы мүмкін. Мұндай көрсеткіш қарыз алушы төлем мәртебесінің кері өзгерісі немесе активтер бойынша міндеттемелерді орындамауға байланысты ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлар туралы өлшеуге икемді мәліметтерге енгізілуі мүмкін. Басшылық бағаларды несие тәуекелділігінің ерекшелігі арқылы активтерге және құнсызданудың шынайы белгілеріне қатысты өткен жылдардағы шығыстар туралы мәліметтер негізінде қолданады. Сомаларды бағалау үшін пайдаланылатын әдістеме мен жорамал және болашақ ақша қаражаты ағынының мерзімі есептік және нақты шығындар арасындағы кез-келген қайшылықты төмендету үшін тұрақты талданады.

Құнсыздануға арналған резервті қалпына келтіру. Қор несие қоржынының 612,366 мың теңге сомасында құнсыздануға арналған резервті қалпына келтірді (2013 ж.: 307,685 мың теңге), негізінен, қарыз алушылардың қаржылық жағдайын жақсартумен байланысты.

Туынды қаржылық құралдардың және кейбір басқа қаржылық құралдардың әділ құны. Оларды бағалау 31 ескертпеде ұсынылған бақыланатын нарықтық бағалар пайдаланылатын рұқсат берулер негізінде жүзеге асырылатын қаржылық құралдардың әділ құны туралы ақпарат.

Байланысты тараптармен операцияларды бастапқы мойындау. Өзінің қалыпты қызметінің барысында Топ байланысты тараптармен операцияларды жүргізеді. ХҚЕС 39 сәйкес қаржылық құралдар бастапқыда әділ құны бойынша көрсетілуі тиіс. Мұндай операциялар үшін белсенді нарық болмаған жағдайда, операцияның нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық ставкалар бойынша жүзеге асырылғанын анықтау үшін кәсіби пайымдаулар пайдаланылады. Пайымдау үшін негіз ретінде байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгіленімі болып табылады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 33 ескертпеде көрсетілген.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Нарықтықтан төмен мөлшерлемелер бойынша қаржылық құралдарды бастапқы мойындау. Өзінің қалыпты қызметі барысында Қор үшінші тараптармен, негізінен байланысты тараптармен, нарықтықтан төмен ставкалар бойынша операцияларды жүргізеді. ХҚЕС 39 сәйкес қаржылық құралдар бастапқыда әділ құны бойынша көрсетілулері тиіс. Пайымдау үшін негіз ретінде байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгіленімі және тиімді пайыздық ставканы талдау болып табылады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 33 ескертпеде көрсетілген.

Есептік кезең ішінде Қор Бас компания, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 100 миллиард теңге және 50 миллиард теңге мөлшерінде, екі 20-жылдық қарыздарды алған, яғни нарықтықтан төмен ставка бойынша, 0.15%, өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында. Тиімді пайыздық ставканы анықтау үшін Қор мемлекеттік облигациялар бойынша табыстылық қисығын пайдаланады және 20 жылға сызықтық регрессия бойынша экстраполяциялайды. Сәуірде және желтоқсанда алынған тиімді пайыздық ставкалар 6.58% және 6.57%, оған сәйкес, есептік күнге алынған қарыздардың әділ құнын есептеу үшін пайдаланылған. Нәтижесінде нарықтықтан төмен ставка бойынша 98,479,418 мың теңге мөлшерінде қаржы құралы бастапқы мойындау кезінде кіріс пайда болған. 23 ескертпені қараңыз.

Бұрын аталған мемлекеттік бағдарламаның шегінде алынған қаражаттар коммерциялық банктерде 2% 20 жыл өтеу мерзімімен орналастырылған. Қордың басшылығының кәсіби пайымдауына сәйкес қаражаттарды алған банктердің әрқайсысы үшін тиімді пайыздық ставка анықталған. Ставкаларды есептеу кезінде әрбір несие рейтингі үшін Несиелік Дефолттық Спрэдтің негізінде әрбір банктің ерекше несиелік тәуекелдері пайдаланылған. Несиелік Дефолттық Спрэд 20 жылға экстраполяцияланған 10-жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша табыстылық қисығынан алынған 6.07%, негізгі ставкаға түзетілген. 99,941,530 мың теңге мөлшерінде нарықтықтан төмен ставкалар бойынша қаржылық құралдарды бастапқы мойындау кезінде шығындарды мойындауға әкелген тиімді пайыздық ставкаларды қолдану. 23 ескертпені қараңыз.

2014 жылдың қазан айында Қор Азия Даму Банкінен жылдық 0.57% пайыздық ставкамен және 2019 жылдың қазан айында өтеу мерзімімен 122 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қарыз алған. Қордың басшылығы қарыз қаражаттарының әділ құнын бағалай отырып, кәсіби пайымдауды қолданған. Қордың басшылығы мәміле жеткілікті деңгейде бірегей болып табылады деген қорытындыға келген, себебі Қор да, Азия Даму Банкі де даму институттары болып табылады және нарықта мұндай мәмілелер жоқ. Осыған орай, мәміленің бағасы негізгі немесе неғұрлым пайдалы нарық үшін қолданыстағы баға болып табыла отырып, мәміле бойынша шығындарды ескере отырып, кейінгі түзетуді қажет етпейді. Осылайша, мәміленің бағасы бастапқы мойындау кезінде қарыз қаражаттарының әділ құнын білдіреді және ешқандай да түзетулерді талап етпейді.

5 Жаңа немесе қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірмелерге көшу

Төменде тізбеленген жаңа ХҚЕС пен түсіндірмелер 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор үшін міндетті болды:

«Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу» - ХҚЕС (IAS) 32 түзетулер (2011 жылғы желтоқсанда шыққан және 2014 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезең үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді). Берілген түзету өзара есепке алудың кейбір критерийлерін қолдану кезінде анықталған қайшылықтарды жою мақсатымен ХҚЕС (IAS) 32 қолдану бойынша нұсқаулықты ендіреді. Бұл «қазіргі уақытта есепке алуға заңнамалық белгіленген құқық бар» сөздерінің мағынасын түсіндіруден, және нетто негіздегі есептеумен кейбір жүйелердің жалпы негіздегі есептеумен жүйелерге балама ретінде есептелуі мүмкін екендігінен тұрады. Стандарт қарастырылатын өзара есепке алуға құқықтың 1) ықтимал болашақ оқиғаларға тәуелді болмауы тиіс екендігін және 2) келесі жағдайларда жүзеге асырудың заңды мүмкіндіктеріне ие болуы тиіс екендігі туралы түсініктемелерді берді: (а) қалыпты қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында, (б) төлемдер бойынша міндеттемелерді орындамау кезінде (дефолт оқиғалары) және (в) дәрменсіздік немесе банкротқа ұшырау жағдайында. Аталған стандарттың түзетулері Қордың қаржылық есептемесіне елеулі әсер бермеген.

«Инвестициялық кәсіпорындар» – ХҚЕС (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) 12 және ХҚЕС (IAS) 27 түзетулер (2012 жылғы 31 қазанда шығарылған және 2014 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Бұл түзету инвестициялық кәсіпорынның келесі анықтамасын ендіреді, кәсіпорын, (i) бұл инвестицияларды басқару бойынша оларға қызмет көрсету мақсаты үшін инвесторлардан қаражаттарды алады; (ii) инвесторлардың алдында өзіне келесі міндеттемені қабылдайды, өзінің бизнесінің мақсаты капиталдың немесе инвестициялық кірістің құнының өсуінен кіріс алу үшін ғана қаражаттарды инвестициялау болып табылатындығында; және (iii) олардың әділ құнының негізінде инвестициялар бойынша қызметтің нәтижелерін бағалайды және анықтайды. Инвестициялық кәсіпорын өзгертулері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша өзінің еншілес компанияларын есепке алуы тиіс, және кәсіпорынның инвестициялық қызметіне қатысты қызметтерді беретіндерді ғана шоғырландыруы тиіс болады. Қайта қарастырылған ХҚЕС (IFRS) 12 сәйкес, кәсіпорын инвестициялық болып табыла ма, жоқ па, соны анықтау үшін пайдаланылатын маңызды пайымдауларды қоса, қосымша ақпаратты ашуды талап етеді. Сонымен қатар, шоғырландырылған қаржылық есептемеге қосылмаған еншілес кәсіпорнына көрсетілетін қаржылық немесе басқа қолдау туралы ақпаратты ашу қажет, бұл қолдау көрсетілген бе, немесе оны көрсетуге ниет білдірілген бе, оған тәуелсіз. Берілген түзетулер Қордың қаржылық есептемесіне маңызды әсер бермеген.

«Алымдар» - КРМФО (IFRIC) 21 түсіндіру (2013 жылғы 20 мамырда шығарылған және 2014 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Берілген түсініктеме табыс салығынан басқа, алымдарды төлеу бойынша міндеттемелерді есепке алу тәртібін түсіндіреді. Нәтижесінде міндеттеме туындайтын міндеттейтін оқиға заңнамамен алымдарды төлеу бойынша міндеттемеге әкелетін ретінде анықталатын оқиғаны білдіреді. Кәсіпорынның экономикалық себептерге байланысты болашақ кезеңде өз қызметін жалғастыратын немесе кәсіпорынның қызметінің үздіксіздігі туралы рұқсат ету негізінде қаржылық есептемені дайындау фактысы міндеттемелердің туындауына әкелмейді. Аралық және жылдық қаржылық есептің мақсаттары үшін бір мойындау қағидаттары қолданылады. Тасталындыларға квоталармен сауда-саттық бағдарламаларымен байланысты туындайтын міндеттемелерге түсініктемелерді қолдану міндетті болып табылмайды. Аталған түсіндіру Қордың қаржылық есебіне маңызды әсер бермеген.

«Қаржылық емес активтер үшін өтелетін сомалар туралы ақпаратты ашу» - ХҚЕС (IFRS) 36 түзетулер (2013 жылы мамыр айында шығарылған және 2014 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді; мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етілетін болады, егер - ХҚЕС (IFRS) 13 сол есепке алу және салыстыру кезеңіне қатысты қолданылатын болса). Аталған түзетулер өтелетін құн туралы ақпаратты ашу туралы талаптың күшін жоятын болады, егер ақша қаражаттарын генерациялайтын бірлікке гудвил немесе пайдалы қолданудың белгісіз мерзімімен материалдық емес активтер кіретін болса, және бұл жағдайда құнсыздану болмайтын болса. Берілген стандартты түзету Қордың қаржылық есебіне маңызды әсер бермеген.

5 Жаңа немесе қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірмелерге көшу (жалғасы)

«Туынды құралдардың жаңартпасы және хеджирлеуді есепке алуды жалғастыру» - ХҚЕС (IAS) 39 түзетулер (2013 жылы маусым айында шығарылған және 2014 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Берілген түзетулер хеджирлеу құралы ретінде анықталған туынды құрал орталық контрагентпен клирингті жүзеге асыру үшін заңнамаға немесе нормативтік актіге сәйкес арнайы шарттарды сақтай отырып, жаңартылатын жағдайда (яғни, тараптар бастапқы контрагентті жаңасына ауыстыру туралы келіседі) хеджирлеуді есепке алуды жалғастыруға рұқсат береді. Берілген стандартты түзету Қордың қаржылық есебіне маңызды әсер бермеген.

6 Жаңа есептік қағидалар

Бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды, олар 2015 жылдың 1 қаңтарында басталатын немесе осы күннен кейінгі және Қор әлі мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық мерзімдер үшін міндетті болып табылады:

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар: Жіктеме мен бағалау» (2014 жылғы шілде айында енгізілген өзгертулерімен, 2018 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе очсы күннен кейін күшіне енеді). Стандарттың негізгі ерекшеліктері мынадай:

- Қаржылық активтер үш бағалау санаттары бойынша жіктелуі тиіс: амортизациялық құн бойынша артынша бағаланатын, өзгертулері басқа жиынтықты кірістің құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша артынша бағаланатын, және өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын.
- Жіктеу кәсіпорынның қаржы активтерін басқарудың бизнес-үлгілеріне және шартпен қарастырылған ақша қаражаттарының ағынына тек негізгі соманы және пайыздарды төлеу ғана кіре ме, соған тәуелді болады. Егер борыштық құрал құралдарды алу үшін ұсталатын болса, онда ол амортизациялық құны бойынша есепке алынуы мүмкін, егер ол бұл жағдайда негізгі сома мен пайыздарды төлеу туралы талапқа сәйкес келетін болса. Кәсіпорын бір мезгілде активтердің ақша қаражаттарының ағындары ұстап қалатын және активтерді сататын кезде қоржында ұсталып қалатын негізгі сомалар мен пайыздарды төлеу туралы талапқа жауап беретін борыштық құралдар әділ құны бойынша көрсетілетін санаттарға жатқызылуы мүмкін, оларды өзгерту басқа жиынтықты кіріс құрамында көрсетіледі. Құрамында ақша қаражаттарының ағыны жоқ, негізгі сома мен пайыздарды ғана төлеу туралы талапқа жауап беретін қаржылық активтер әділ құны бойынша бағалануы тиіс, оны өзгертулер табыстың немесе шығынның құрамында көрсетілетін болады (мысалы, туынды құралдар). Кіріктірілген туынды құралдар қаржылық активтерде бөлінбейді, тек негізгі сома мен пайыздарды төлеу шарттарын сақтауды бағалау кезінде олардың құрамына кіреді.
- Үлестік құралдарға инвестициялар әрдайым әділ құны бойынша бағаланады. Алайда басшылық басқа жиынтықты кірістің құрамындағы әділ құнның өзгерістерін көрсету туралы соңғы шешімді қабылдай алады, егер қарастырылатын құрал «сауда-саттыққа арналғандар» санатына жатпайтын болса. Егер де үлестік құрал «сауда-саттыққа арналғандар» санатына жататын болса, онда әділ құнына өзгертулер пайданың немесе шығынның құрамына берілетін болады.
- ХҚЕС (IAS) 39 талаптарының көпшілігі және қаржылық міндеттемелерді жіктеу мен бағалауға қатыстылар өзгерістерсіз ХҚЕС (IFRS) 9 көшірілді. Негізгі ерекшелік басқа жиынтық кірістер құрамында кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санаттарға жатқызылған қаржылық міндеттемелердің жеке несиелік тәуекеліне өзгерістердің тиімділігін ашу үшін компанияға талап болып табылады.

6 Жаңа есептік қағидалар (жалғасы)

Қайта қарастырылған ХҚЕС (IAS) 24 сәйкес байланысты тарап ретінде есеп беретін кәсіпорынның немесе есеп беретін кәсіпорынның бас кәсіпорынның («басқарушы кәсіпорын») аға басшы қызметкерлер құрамының ұсынуы бойынша қызметтерді көрсететін кәсіпорын да есептеледі және көрсетілген қызмет үшін басқарушы кәсіпорынмен есеп беретін кәсіпорынға аударылған сомалар туралы ақпаратты ашу қажеттілігі туралы талапты ендіреді.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулер, 2013 жыл (2013 жылы желтоқсан айында шығарылған және 2014 жылғы 1 шілдеде басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе бұл күннен кейін күшіне енеді, егер басқа көрсетілмеген болса). Жетілдірулер төрт стандарттардағы өзгертулерді білдіреді.

ХҚЕС (IFRS) 1 тұжырымдамалар үшін негіз ретінде енгізілген түзету түсіндіреді, стандарттың жаңа нұсқасының әлі де міндетті болып табылмайтындығын, бірақ мерзімінен бұрын қолданылуы мүмкін екендігін; алғаш рет ХҚЕС алған компанияның есептемеде берілетін барлық кезеңдерге бір стандарттың қолданылуы шартымен, осы стандарттың ескі немесе жаңа нұсқасын пайдалана алатындығын,

ХҚЕС (IFRS) 3 бұл стандарттың ХҚЕС (IFRS) 11 сәйкес кез келген бірлескен қызметті құруды есепке алуға қолданылмайтындығын түсіндіреді. Бұл түзету қолданылу саласынан стандартты алып тастаудың бірлескен қызметтің қаржылық есептемесі үшін ғана қолданылатындығын түсіндіреді.

ХҚЕС (IFRS) 13 түзету нетто-негізде қаржылық міндеттемелер мен қаржылық активтер тобының әділ құнын бағалауға кәсіпорынға мүмкіндік беретін ХҚЕС (IFRS) 13 қоржынына қатысты алып тастауды түсіндіреді, ХҚЕС (IAS) 39 немесе ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану саласының шегінде барлық шарттарға (қаржылық емес ныснадарды сатып алу және сату шарттарын қоса) қолданылады.

ХҚЕС (IAS) 40 стандартына ХҚЕС (IAS) 40 және ХҚЕС (IAS) 3 стандарттарының өзара алып тастайтындар болып табылмайтындығын түсіндіретін түзету енгізілген. ХҚЕС (IAS) 40 басшылық есепті жасаушыларға иеленушісімен алатын инвестициялық мүлік пен жылжымайтын мүліктің арасындағы айырмашылықты түсінуге көмек береді. Есепті құрастырушыларға инвестициялық мүлікті сатып алу бизнесті біріктіру болып табыла ма, соны анықтау үшін ХҚЕС (IAS) 3 нұсқаулықты зерделеу қажет.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясын есептеу әдістеріне қатысты түсіндірулер – ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 түзетулер (2014 жылғы 12 мамырда шығарылған және 2016 жылы 1 қаңтарда басталатын кезеңдер үшін және бұл күннен кейін күшіне енеді). Берілген түзетуде ХҚЕСК Басқармасы ақшалай түсімге негізделген әдістерді активтердің амортизациясын есептеу үшін қолданудың тура келмейтіндігін түсіндіреді, себебі, активтерді пайдалану кіретін қызметпен генерацияланған ақшалай түсім әдетте, осы активпен байланысты экономикалық пайдаларды тұтыну болып табылмайтын факторларды көрсетеді.

ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен шарттар бойынша ақшалай түсім (2014 жылғы 28 мамырда шығарылған және 2017 жылы 1 қаңтарда басталатын кезеңдер үшін және бұл күннен кейін күшіне енеді). Жаңа стандарт негізгі қағида тты ендіреді, оған сәйкес ақшалай түсім тауарлар немесе қызметтер клиентке мәміле бағасы бойынша тапсырылатын кезде мойындалуы тиіс. Тауарлардың немесе қызметтердің кез келген жеке партиялары жеке мойындалулары тиіс, ал барлық мәмілелер және келісімшарттық бағамен ретроспективті мәмілелер, ережеге сай, жеке элементтерге бөлінеді. Егер сыйақы мөлшері қандай да бір себептермен өзгертін болса, ең төменгі сомаларды қабылдау керек, егер олар қайта қарастырудың елеулі тәуекеліне ұшырамаған болса. Клиенттермен келісімшарттарды қамтамасыз етумен байланысты шығындар келісімшарттан пайда алынған мерзім ішінде сол мерзімге капиталдандырылуы және амортизацияландырылуы тиіс.

6 Жаңа есептік қағидалар (жалғасы)

Халықаралық қаржылық есептеме стандарттарын жыл сайынғы жетілдірулер, 2014 жыл (2014 жылғы 25 қыркүйекте шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе бұл күннен кейін күшіне енеді). Түзетулер 4 стандартқа әсер етеді. ХҚЕС (IFRS) 5 түзету мақсаты – шығу тәсілін өзгертудің («сату үшін арналғандар» санатынан «бөлу үшін арналғандар» санатына немесе керісінше ауыстыру) сату немесе бөлу жоспарын өзгерту болып табылмайтындығын және аталған жоспарды өзгерту ретінде есепке алуда көрсетілуі тиіс емес екендігін түсіндіреді. ХҚЕС (IFRS) 7 түзетуде басшылыққа ХҚЕС (IFRS) 7 талаптарына сәйкес ақпаратты ашу мақсаты үшін жалғасатын қатысудың болуы тапсырылған қаржылық активке қызмет көрсету бойынша келісім шарттарын білдіре ме, соны анықтауға көмектесетін қосымша нұсқаулар берілген. Сонымен қатар, түзетуде ХҚЕС (IFRS) 7 мазмұндалған өзара есепке алу туралы ақпаратты ашуға қатысты талаптардың аралық қаржылық есепке қолданылуда жоқтығы түсіндіріледі, бұл ХҚЕС (IFRS) 34 сәйкес талап етілетін жағдайлардан басқа. ХҚЕС (IFRS) 19 түзетуде еңбек қызметі аяқталған кезде сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелерге қолданылатындығы түсіндіріледі, дисконттау ставкасына, жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығының («терең нарықтың») болуына қатысты шешімдер, немесе бағдар ретінде қандай мемлекеттік облигацияларды пайдалану керектігі туралы шешімдер аталған міндеттемелер туындайтын елдің валютасына емес, міндеттемелер есептелетін валютаға негізделулері тиіс. ХҚЕС (IFRS) 34 талап енгізілген, оған сәйкес аралық қаржылық есепте «аралық қаржылық есептің басқа нысандарында» орналасқан орнына қайшы сілтеме берілуі тиіс.

Егер жоғарыда өзге ештеңе көзделмесе, осы жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Қордың қаржылық есебіне елеулі ықпал етпейді деп күтіледі.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

7 Ақша қаражаттары және олардың баламалары

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014 жылдың 31 желтоқсаны	2013 жылдың 31 желтоқсаны
Талап еткенге дейін банктік шоттардағы қалдықтар	10,828,658	12,567,294
ҚРҰБ есепшоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	10,001,908	-
Кассадағы ақша қаражаттары	805	1,670
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының жиыны	20,831,371	12,568,964

ҚРҰБ есепшоттар бойынша қалдықтар 2014 жылы желтоқсан айында, өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету бойынша бағдарлама аясында Бас Компаниядан алынған қаражаттардың пайдаланылмаған бөлігін білдіреді. 14 ескертпені қараңыз.

Төмендегі кестеде 2013 жылғы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингі негізінде несие сапасы бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларының талдамасы берілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
	Талап еткенге дейін банктік шоттардағы қалдықтар	Талап еткенге дейін банктік шоттардағы қалдықтар
<i>Мерзімі өтпегендер және құнсызданбағандар</i>		
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	10,001,908	-
- ВВВ- бастап ВВВ+ дейін рейтингі бар	1,076,228	1,354,497
- ВВ- бастап ВВ+ дейін рейтингі бар	479,795	1,026,180
- В- бастап В+ дейін рейтингі бар	8,826,448	9,455,256
- ССС- бастап ССС+ дейін рейтингі бар	317,384	563,050
- рейтингі жоқтар	128,803	168,311
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны, қолма –қол ақша қаражаттарынан басқа	20,830,566	12,567,294

Ақша қаражаты мен олардың баламаларының әділ құнына қатысты 31 ескертпені қараңыз. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының пайыздық мөлшерлемесіне талдама 27 ескертпеде келтірілген. Байланысқан тараптармен операциялар бойынша ақпарат 33 ескертпеде келтірілген. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының ешқандай баптары мерзімі өткендер немесе құнсызданғандар болып табылмайды.

8 Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	4,826,571	4,805,500
Корпоративтік облигациялар	4,779,070	4,752,815
Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар жиыны	9,605,641	9,558,315

Қор бастапқыда кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша көрсетілген бағалы қағаздар сияқты Қордың сауда қоржынының бөлігі болып табылмайтын жоғарыда көзделген бағалы қағаздарды қайтарымсыз тәртіппен жіктеді. Мұндай бағалы қағаздар инвестициялық саясатқа құжаттамалық бекітілген стратегияға сәйкес әділ құн бойынша басқарылады және бағаланады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

8 Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар (жалғасы)

Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жататын бағалы қағаздар әділ құн, сондай-ақ несие тәуекелділігінде ескертілген көрсетілетін есептен шығару бойынша көрсетіледі. Төменде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие сапасы жөнінде кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар талдамасы келтірілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	Корпоративтік облигациялар	Жиыны
<i>Мерзімі өтпегендер және құнсызданбағандар</i>			
- BBB- бастап BBB+ дейін рейтингі бар	4,826,571	2,325,024	7,151,595
- BB- бастап BB+ дейін рейтингі бар	-	1,592,016	1,592,016
- B- бастап B+ дейін рейтингі бар	-	862,030	862,030
Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын, мерзімі өтпеген және құнсызданбаған бағалы қағаздар жиыны	4,826,571	4,779,070	9,605,641

Төменде 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша несие сапасы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ бағасы бойынша бағаланатын борышты бағалы қағаздарға талдау беріледі:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	Корпоративтік облигациялар	Жиыны
<i>Мерзімі өтпегендер және құнсызданбағандар</i>			
- BBB- бастап BBB+ дейін рейтингі бар	4,805,500	2,329,202	7,134,702
- BB- бастап BB+ дейін рейтингі бар	-	1,535,575	1,535,575
- B- бастап B+ дейін рейтингі бар	-	888,038	888,038
Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын, мерзімі өтпеген және құнсызданбаған бағалы қағаздар жиыны	4,805,500	4,752,815	9,558,315

Несие рейтингі Standard & Poor's агенттігінің рейтингіне немесе Moody's агенттігі рейтингіне негізделген, ол Standard & Poor's рейтингтік шкаласы бойынша жақын баламалық мәнге дейін айырбасталады. Кезең үшін кірістер немесе шығыстар құрамында көрсетілетін өзгерістер әділ құн бойынша бағаланатын ешқандай қаржылық активтер мерзімі өтпегендер болып табылмайды. Борыштық бағалы қағаздар қамтамасыз етуге ие емес.

Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың әділ құнына қатысты 31 ескертпені қараңыз. Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемесінің талдамасы 27 ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптарға байланысты кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша ақпарат 33 ескертпеде келтірілген.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

8 Қаржылық мекемелердегі қаражаттар

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
Қаржылық мекемелерге берілген несиелер	174,283,096	133,432,363
Үш айдан артық бастапқы өтеу мерзімі бар банктердегі депозиттер	5,019,641	3,385,498
Алу: несие қоржынының құнсыздануындағы резерв	(1,523,123)	(1,661,137)
Қаржылық мекемелердегі қаражаттар жиыны	177,779,614	135,156,724

2014 жылы сәуір және желтоқсан айларында өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету бойынша бағдарламалар аясында Қормен 100 миллиард теңге және 40 миллиард теңге мөлшерінде қарыздар берілген, бұл жылдық 2% пайыздық ставкамен және 20 жыл өтеу мерзімімен қазақстандық коммерциялық банктерге мақұлданған. Берілген пайыздық ставка нарықтықтан төмен болатындықтан, қарыздар дисконтпен мойындалған, шығынды 70,963,701 мың теңге және 28,977,829 мың теңге мөлшерінде бастапқы мойындау кезінде шығындарды мойындаумен. 23 ескертпені қараңыз.

2014 жылы қазан айында Қормен Азия Даму Банкінен алынған, 22,222,300 мың теңге мөлшерде қаражаттар берілген, қазақстандық коммерциялық банкпен жылдық 7% пайыздық ставкамен және 2019 жылдың қазан айында өтеу мерзімімен мақұлданған, шағын және орта кәсіпорындар үшін инвестициялық бағдарламаның II-ші траншы аясында. 14 ескертпені қараңыз.

Банктердегі қаражаттарда қамтамасыз ету жоқ. Төменде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие сапасы бойынша банктердегі қаражаттар талдамасы келтірілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	Үш айдан артық бастапқы өтеу мерзімі бар банктердегі депозиттер	Жиыны
<i>Мерзімі өтпегендер және құнсызданбағандар</i>			
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	14,920,578	-	14,920,578
- ВВВ- бастап ВВВ+ дейін рейтингі бар	9,022,076	829,426	9,851,502
- ВВ- бастап ВВ+ дейін рейтингі бар	132,825,187	3,526,784	136,351,971
- В- бастап В+ дейін рейтингі бар	10,810,589	663,431	11,474,020
- ССС- бастап ССС+ дейін рейтингі бар	5,181,543	-	5,181,543
- рейтингі жоқтар			
Мерзімі өтпегендер мен құнсызданбағандардың жиыны	172,759,973	5,019,641	177,779,614
<i>Жеке құнсызданғандар</i>			
- 360 күннен көп төлемді кідіртумен	1,523,123	-	1,523,123
Жеке құнсызданғандар жиыны	1,523,123	-	1,523,123
Құнсызданумен резервті шегерумен	(1,523,123)	-	(1,523,123)
Қаржылық мекемелердегі қаражаттар жиыны	172,759,973	5,019,641	177,779,614

Несие рейтингісі Standard & Poor's агенттігі рейтингісіне (осы рейтинг болған жағдайда) немесе Moody's агенттігі рейтингісіне негізделген, олар Standard & Poor's рейтингілік шкаласы бойынша жақын баламалық мәнге дейін айырбасталады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

9 Қаржылық мекемелердегі қаражаттар (жалғасы)

Төменде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие сапасы бойынша басқа қаржылық мекемелердегі қаражаттар талдамасы келтірілген:

	Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	Үш айдан артық бастапқы өтеу мерзімі бар банктердегі депозиттер	Жиыны
<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>			
<i>Мерзімі өтпегендер және құнсызданбағандар</i>			
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	12,756,167	-	12,756,167
- ВВВ- бастап ВВВ+ дейін рейтингі бар	101,357	829,426	930,783
- ВВ- бастап ВВ+ дейін рейтингі бар	85,395,336	2,556,073	87,951,409
- В- бастап В+ дейін рейтингі бар	28,180,936	-	28,180,936
- ССС- бастап ССС+ дейін рейтингі бар	5,337,429	-	5,337,429
- рейтингі жоқтар			
Мерзімі өтпегендер мен құнсызданбағандардың жиыны	131,771,225	3,385,499	135,156,724
<i>Жеке құнсызданғандар</i>			
- 360 күннен көп төлемді кідіртумен	1,661,137	-	1,661,137
Жеке құнсызданғандар жиыны	1,661,137	-	1,661,137
Құнсызданумен резервті шегерумен	(1,661,137)	-	(1,661,137)
Қаржылық мекемелердегі қаражаттар жиыны	131,771,225	3,385,499	135,156,724

Қордың қаржылық мекемелер берген қаражаттарының құнсыздануы туралы мәселені қарау кезінде назарға алатын негізгі фактор оның мәртебесі мерзімінің асуы болып табылады. Осының негізінде Қор қаржылық мекемелерге берген қаражат берешегінің мерзімі бойынша талдама келтірген, олар құнсызданғандар ретінде жеке тәртіппен анықталады.

Төменде қаржылық мекемелердің құнсызданудағы қаражаттар резерві өзгерісінің талдамасы келтірілген:

	2014	2013
	Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	Қаржы мекемелеріне берілген несиелер
<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>		
1 қаңтардағы құнсызданудағы резерв	1,661,137	1,662,184
Бір жылдың ішінде құнсызданудағы резервті қалпына келтіру	-	(1,047)
Сенімсіз ретінде бір жылдың ішінде есептен шығарылған қаражаттар	(138,014)	-
31 желтоқсандағы құнсызданудағы резерв	1,523,123	1,661,137

Қаржылық мекемелердегі қаражаттардың әрбір санатының әділ құны туралы ақпарат 31 ескертпеде келтірілген. Қаржылық мекемелердегі қаражаттардың пайыздық мөлшерлемелерінің талдамасы 27 ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 31 ескертпеде келтірілген.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

9 Клиенттерге несиелер мен аванстар

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
Шағын және орта кәсіпорындарға несиелер	1,533,091	1,657,615
Шағын қаржы ұйымдарына несиелер	1,353,780	1,481,789
Қаржылық жалдауға таза инвестициялар	207,642	249,381
Басқа несиелер	44,594	97,969
Алу: несиелер қоржынының құнсыздануында резерв	(3,034,315)	(3,286,971)
Клиенттерге несиелер мен аванстар жиыны	104,792	199,783

Төменде 2014 жылдың ішіндегі құнсызданудағы несиелер қоржыны резерві өзгерісінің талдамасы келтірілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Шағын және орта кәсіпорындар ға несиелер	Шағын қаржы ұйымдарына несиелер	Қаржылық жалдауға таза инвестиция лар	Басқа несиелер	Жиыны
2014 жылғы 1 қаңтарда құнсызданудағы резерв	1,594,997	1,442,913	237,830	11,231	3,286,971
Бір жыл ішіндегі құнсызданумен резервтерді қалпына келтіру	(69,246)	(107,509)	(32,449)	(11,231)	(220,335)
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Қарыз қаражаттары	75,636,082	174,473	75,810,555
Тәртіптелген борыш	4,022,973	-	4,022,973
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер	8,020,601	-	8,020,601
Несие сипатындағы резерв және міндеттемелер бойынша болашақ кезеңдер кірісі	1,019,333	-	1,019,333
Басқа қаржылық міндеттемелер	87,880	-	87,880
Қаржылық міндеттемелер жиыны	88,786,869	174,473	88,961,342
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза жайғасым	72,219,154	(174,473)	72,044,681

2013 және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі валюталарға қатысы бойынша төмендегі кестеде көрсетілгендей, теңге бағамының өсуі төменде сипатталған капиталдың және кірістің немесе шығыстың ұлғаюын (азаяуын) болдырар еді. Осы талдау салықты шегере отырып жүргізілді және валюталық бағамның өзгерісіне негізделген, екінші жақтан Қор есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізді ықтимал болып табылады. Талдау барлық қалған ауыспалыларды, әсіресе сыйақы мөлшерлемесін өзгеріссіз қалады деп ұйғарады. 30 ескертпені қараңыз.

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014 жылғы 31 желтоқсанға		2013 жылғы 31 желтоқсанға	
	Пайдаға немесе шығынға әсер ету	Капиталға әсер ету	Пайдаға немесе шығынға әсер ету	Капиталға әсер ету
АҚШ долларының 20% нығаюы (2013: 20% нығаю)	(228,960)	(228,960)	(34,894)	(34,895)
АҚШ долларының 20% әлсіреуі (2013: 20% әлсіреу)	228,960	228,960	34,894	34,895

Несие тәуекелдігі – бұл қарыз алушы немесе Қордың контрагенті міндеттемелерді орындамау нәтижесінде туындаған қаржылық шығындар тәуекелі. Қор несие тәуекелдігін басқару саясаты мен рәсімін (теңгерімдік және теңгерімнен тысқары жайғасым бойынша) әзірледі, Директорлар кеңесі мен Басқарманың ірі несиелер бойынша шешім қабылдау өкілеттігі анықталды, Несие комитеті құрылды, оның функциясына белгіленген лимиттер шегінде несиелер беру бойынша шешім қабылдау, несиелерді қайта құрылымдау, Қордың несие тәуекелдігінің белсенді мониторингі кіреді. Қордың несие саясатын Қордың Директорлар кеңесі қарайды және бекітеді.

27 Қаржылық тәуекелдіктерді басқару (жалғасы)

Қордың несиесі саясаты несиесі тәуекелдігін басқару тұрғысынан несиесі қызметінің негізгі параметрлерін белгілейді және Қор ұшыраған несиесі тәуекелдіктерін анықтауға, талдау мен басқаруға бағытталған.

Несие тәуекелдіктерін басқару ережесі мынадай салаларды қамтиды:

- Несие өтінімдерін қарау мен мақұлдау рәсімін;
- Қарыз алушылардың (шағын және орта бизнес кәсіпорындарының) несиесі қабілеттілігін бағалау әдістемесін;
- Несие құжаттамасына талаптарды;
- Контрагент-банктердің, эмитенттердің және сақтандыру компанияларының несиесі қабілеттілігін бағалау әдістемесін;
- Ұсынылған қамтамасыз етуді бағалау әдістемесін;
- Жиынтық несиесі тәуекелдігі бойынша Қор капиталының 25% артық көлемдегі лимитін белгілеуді;
- Қарыздардың және салмақ түсетін несиесі тәуекелдігі бар басқа өнімдерінің тұрақты мониторингін өткізу рәсімін.

Қордың несиесі тәуекелдігінің ең жоғарғы деңгейі әдеттегідей, баланстағы қаржылық активтердің баланстық құнында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу ықтималдығының әлеуетті несиесі тәуекелдігін төмендету үшін айтарлықтай маңызы жоқ. Қор менеджменті кредиторлық берешекті өтеу мерзімі бойынша бағалауды жүргізеді және мерзімі асып кеткен қарыздарды қадағалайды. Менеджмент кредиторлық берешекті өтеу мерзімі бойынша талдауды және 9,10,13 және 14 ескертпелердегі несиесі тәуекелдігі туралы басқа ақпараттарды көрсету орынды деп санайды.

Теңгерімнен тысқары қаржылық құралдар үшін несиесі тәуекелдігі басқа қатысушының шарттық шартын орындамау нәтижесінде келтірілген залалдар ықтималдылығы ретінде анықталады. Қор мәмілелерді бекіту, тәуекелдіктерді шектейтін лимиттерді пайдалану мен мониторинг рәсімдеріне негізделген теңгерімдік қаржылық құралдарға қатысты шарттық міндеттемелерге қатысы бар несиесі саясатын пайдаланады.

Өтімділік тәуекелдігі – бұл Қордың өзінің міндеттемелерін орындау мақсатында ақша қаражатын тартудағы қиындықтарға кездесуі мүмкін тәуекелдік. Өтімділік тәуекелдігі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімінің сәйкессіздігі кезінде туындайды, бұл Қордың өзінің теңгерімдік және теңгерімнен тысқары міндеттемелері бойынша өз уақытында жауап беру үшін қолайлы бағада жеткілікті өтімділік құралдармен қамтамасыз етілуіне әсер етеді. Активтер мен міндеттемелер бойынша өтеу мерзімінің және пайыздық мөлшерлемелердің сәйкестігі және/немесе бақыланған сәйкессіздік Қорды қоса алғанда, қаржылық құралдарды басқарудағы негіз болатын кезең болып табылады. Жүргізілген операциялардың әр түрлілік салдары және соған байланысты белгісіздік, активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімі бойынша толық сәйкестігі қаржылық институттар үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, ол операцияның кірістілігін ұлғайтуға мүмкіндік береді, алайда шығындардың пайда болу тәуекелдігін арттырады.

Қор өтімділікті басқаруды оларды өтеу мерзімінің басталу жағдайы бойынша барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады. Өтімділікті басқару жөніндегі саясатты Директорлар кеңесі бекітеді.

Қор өтімділік тәуекелдігін Директорлар кеңесі бекіткен Қордың өтімділігі шығынының тәуекелдігін басқару ережесінің шегінде басқарады. Ереже өтімділік шығыны тәуекелдігін басқарудың негізгі процесі мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ өтімділік шығыны тәуекелдігін тиімді басқару мен барлық міндеттемелерді жабуға Қордың жеткілікті қаражатын қамтамасыз ету мақсатында Қордың осы процеске тартылған құрылымдық бөлімшелерінің функциялары мен өкілеттіктерін белгілейді. Ереже Қордың барлық қызметкерлерінің, құрылымдық бөлімшелерінің және алқалық органның қолдануы үшін міндетті.

27 Қаржылық тәуекелдіктерді басқару (жалғасы)

Осы Ереже шеңберінде өтімділік шығынының тәуекелдігі келесідей құралдар/талдамалық есеп арқылы өлшенеді және бақыланады: өтімділіктің басқарушы және шарттық нормативтері; өтімділік құралдардың ағымдық қалдықтарының талдауы, өтімділік құралдардың жоспарланған түсімі/жылыстауы; өтімділіктің ішкі коэффициенттері; өтімділіктің алшақтауы (гэп-талдау). Өтімділік құралдардың артық қаражатын немесе тапшылығын болдырмау үшін Қордың активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеті өтімділік құралдарды тарту мен пайдалану жөніндегі қызметтерді бақылайды. Қордың ағымдық және мерзімі өткен өтімділігін басқаруды өтімділік құралдардың ағымдық қалдықтарын талдау мен өтімділік құралдардың жоспарланған түсімі/жылыстауы негізінде тәуекелдіктерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшелер жүргізеді. Жүргізілген талдау негізінде көзделген бөлімше шоғырландырылған негізде «Активтер мен міндеттемелердің уақытша құрылымы» есебін құрастырады және оны Қор Басқармасына ұсынады.

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет өтімділік тәуекелдігін Қордың өтімділік шығыны тәуекелдігін төмендету бойынша шаралар қабылдау үшін өтімділік тәуекелдігі деңгейіне талдау жүргізу арқылы бақылайды. Ағымдық өтімділікті басқаруды ағымдық өтімділікті қолдау және ақша ағынын оңтайландыру үшін қаржылық нарықтағы операцияларды жүргізетін Қазынашылық жүзеге асырады.

Қордың өтімділікті басқару жөніндегі саясаты мыналардан тұрады:

- негізгі валюта бөлігіндегі ақша ағынын болжау және өтімді активтер деңгейіне қажетті ақша ағынының мөлiметiне байланысты есептер;
- қаржыландыру көзiнiң әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз қаражатының шоғырланымы мен құрылымын басқару;
- қарыздық қаржыландыру бойынша жоспарлар әзiрлеу;
- кассалық өтімділіктің алшақтығы жағдайында қорғаныс шарасы ретінде еркін сатуға болатын жоғары өтімді активтер қоржынына қызмет көрсету;
- өтімділікті және қаржыландырудың берілген деңгейін қолдау жөніндегі резервтік жоспарларды әзiрлеу;
- Қор өтімділігі теңгерiмдік көрсеткішiнiң заңнамалық белгіленген нормативтерге сәйкестiгi үшін бақылау жүргізу.

Қазынашылық күн сайын қаржылық нарықтардағы өтімділік бойынша жайғасым мониторингін жүргізеді. Қалыпты нарықтық жағдайда Қор өтімділігінің жағдайы туралы есепті тұрақты негізде жоғары басшылыққа тапсырып отырады. Қор өтімділігін басқару саясатына қатысты шешімді Қор Басқармасы және активтер мен пассивтер басқару жөніндегі Комитет қабылдайды.

Келесі кесте Қордың қаржылық активтері мен міндеттемелері бойынша өтеу мерзімінің басталу күні шартында барынша ерте белгіленген ақша қаражатының дисконтталмаған ағынын көрсетеді. Осы кестеде көзделген түсімнің жиынтық көлемі мен ақша қаражаты ағынын шығару қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер немесе теңгерiмнен тысқары міндеттемелер бойынша ақша қаражатының шарттық дисконтталмаған ағынын қамтиды. Қордың болашақ ақша ағыны осы талдаудан едәуір ерекшеленуі мүмкін.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

27 Қаржылық тәуекелдіктерді басқару (жалғасы)

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімдері бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелерді талдау келесі түрде берілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Талап еткенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан көп	Жиыны
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР						
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	20,831,371	-	-	-	-	20,831,371
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	154,000	1,500,780	-	839,472	7,111,389	9,605,641
Қаржылық мекемелердегі қаражаттар	7,286,057	7,242,141	3,368,797	17,254,622	241,776,597	276,928,214
Қаражаттандыру бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек	38,522	-	-	-	-	38,522
Клиенттерге несиелер мен аванстар	59,031	657	510	-	44,594	104,792
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	54,058	-	-	-	2,484,785	2,538,843
<i>Своптар мен форвардтар, олар бойынша есеп айырысу жалпы негізде жүзеге асырылады:</i>						
- түсім	-	-	-	-	23,578,206	23,578,206
- жылыстау	-	-	(637)	(1,827)	(22,114,402)	(22,116,866)
Басқа қаржылық активтер	1,380,462	-	-	-	-	1,380,462
Жиыны	29,803,531	8,743,578	3,368,670	18,092,267	252,881,169	312,889,215
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Қарыз қаражаттары	3,912,087	7,154,386	625,579	10,994,731	214,889,233	237,576,016
Тәртіптелген борыш	-	-	-	-	-	-
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер	6,047,164	-	-	-	-	6,047,164
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв және болашақ кезеңдер кірісі	8,923,549	-	-	-	-	8,923,549
Несиелер беру бойынша міндеттемелер, жалпы сома	-	-	-	250,000	-	250,000
Қаржылық кепілдемелер	-	235,656	442,236	440,655	8,502,067	9,620,614
Басқа қаржылық міндеттемелер	24,664	-	-	-	-	24,664
Қаржылық міндеттемелер бойынша әлеуетті болашақ төлемдер жиыны	18,907,464	7,390,042	1,067,815	11,685,386	223,391,300	262,442,007
Қаржылық құралдар бойынша өтімділік алшақтығы	10,896,067	1,353,536	2,300,855	6,406,881	29,289,869	50,447,208

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

27 Қаржылық тәуекелдіктерді басқару (жалғасы)

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімдері бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелерді талдау келесі түрде берілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Талап еткенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан көп	Жиыны
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР						
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	12,568,964	-	-	-	-	12,568,964
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	-	-	197,930	7,002,004	2,358,381	9,558,315
Қаржылық мекемелердегі қаражаттар	2,711,225	11,066,640	2,999,030	16,062,906	102,316,923	135,156,724
Қаражаттандыру бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек	433,579	-	-	-	-	433,579
Клиенттерге несиелер мен аванстар	70,498	28,056	3,721	7,121	90,387	199,783
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	-	3	-	-	2,655,634	2,655,637
Басқа қаржылық активтер	433,021	-	-	-	-	433,021
Қаржылық активтер жиыны	16,217,287	11,094,699	3,200,681	23,072,031	107,421,325	161,006,023
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Қарыз қаражаттары	1,043,671	10,072,863	71,188	9,991,122	54,631,711	75,810,555
Тәртіптелген борыш	69,191	-	-	-	3,953,782	4,022,973
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер	8,020,601	-	-	-	-	8,020,601
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв және болашақ кезеңдер кірісі	1,019,333	-	-	-	-	1,019,333
Басқа қаржылық міндеттемелер	87,880	-	-	-	-	87,880
Қаржылық міндеттемелер жиыны	10,240,676	10,072,863	71,188	9,991,122	58,585,493	88,961,342
Несие сипатындағы міндеттемелер	9,553,971	-	-	-	-	9,553,971

26 Шартты және шарттық міндеттемелер

Соттық талқылаулар. Ағымдық қызмет барысындағы уақыт аралығында сот органдарына Қорға қатысты талаптар түседі. Жеке бағалаудан, сондай-ақ ішкі кәсіби консультанттар ұсыныстарынан шыққан талқылауларды Қор басшылығы Қор үшін елеулі шығынға алып келеді және тиісінше осы қаржылық есеп берушіліктегі аталған талқылаулар жөніндегі шығындарды жабуға резерв қалыптастырған жоқ деп санайды.

Салық заңнамасы. Қазақстан Республикасының салық және кедендік заңнамасы әртүрлі ықтимал түсіндірмелерге жол береді және жиі енгізілетін өзгерістерге ұшыраған. Басшылықтың операцияларға және Қор қызметіне қолданылатын заңнама түсіндірмесін тиісті органдар келіспеуі мүмкін. Қазақстандық салық органдары заңнаманы және есептеуді бағалауды түсіндірген кезде барынша қатал жайғасымды ұстауы мүмкін және өткен жолы келісілмеген операциялар мен қызметтердің болу ықтималдығына келіседі. Соның нәтижесінде қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімдердің айтарлықтай сомасы есептелуі мүмкін. Салық кезеңдері тиісті салық органдарының тексеру жүргізілетін алдыңғы жылдағы бес күнтізбелік жылдың бойында салық төлемінің мәнін тексеру үшін ашық болады. Жекелеген жағдайларда тексеріс барынша ұзақ кезеңді қамтуы ықтимал.

Компаниялар арасындағы операциялар нәтижесінде туындаған салықтық міндеттемелер осындай операцияларда пайдаланылған нақты бағалар негізінде анықталады. Ықтималдық Қазақстан Республикасындағы трансферттік баға белгілеу ережесінің түсіндірмесін бұдан әрі дамыту және Қазақстан Республикасының салық органдары қолданатын тәсілдерге өзгерістер енгізу жағдайында болады, осы трансферттік бағалар болашақта келісілуі мүмкін. Осы фактіні ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы трансферттік баға белгілеу ережесі уақыттың қысқа кезеңінің бойында қолданылады, мұндай даулы жағдайдың салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағаланбайды. Сонымен бірге олар қаржылық жағдай және/немесе жалпы ұйым қызметі үшін маңызды болады.

Қазақстандық салық заңнамасында кейбір салық мәселелері бойынша нақты басшылық жоқ. Кейде Қор осындай белгісіз салық мәселелерінің түсіндірмесін қолданады, ол Қор бойынша жалпы салық мөлшерлемесінің төмендеуіне алып келеді. Жоғарыда аталғандай, әкімшілік және сот тәжірибесінде жақын арада болған оқиғаның дамуына байланысты салық жайғасымының осындай түсіндірмесі мұқият тексеріске түсуі мүмкін. Салық органдарының тарапынан осындай тексерістер салдары сенімділіктің жеткілікті деңгейі арқылы бағаланбайды; алайда олар қаржылық жағдай және/немесе жалпы ұйым қызметі үшін маңызды болады.

Операциялық жалдау жөніндегі міндеттер. Қорда операциялық жалдаудағы бірнеше ғимараттар мен автокөліктер бар. Жалдау, негізінен, көзделген кезеңнің аяқталуы бойынша жалдауды ықтимал ұзарту арқылы бір жылға бастапқы мерзімге ресімделеді. Жалдық төлем әдетте жыл сайын нарықтық жалдау шарттарын көрсету үшін ұлғайтылады. Жалдауға шарттық жалдау кірмейді.

Айрықша шарттарды сақтау. Қор негізінен Азия Даму Банкінен алған қарызға байланысты белгілі қаржылық емес шарттарды сақтауы тиіс. Қор 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық айрықша шарттарды сақтады.

28 Шартты және шарттық міндеттемелер (жалғасы)

Несиелік сипаттағы міндеттемелер. Осы құралдардың негізгі мақсаты клиенттерге қажеттілік бойынша қаражат беруді қамтамасыз ету болып табылады. Қордың қайтарымсыз міндеттемесін қамтитын кепілдік клиенттердің үшінші тұлғалар алдындағы өздерінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлем жүргізеді және несиелік сияқты несиелік тәуекелдікке ұшырайды. Несиелерді беру жөніндегі міндеттеме қарыз нысанында несиелік беру үшін басшылық бекіткен соманың пайдаланылмаған бір бөлігін қамтиды. Қор несиелік беру жөніндегі міндеттемелерге қатысты, егер пайдаланылмаған сома пайдаланылуы тиіс болғанда, пайдаланылмаған міндеттемелердің жалпы сомасына тең сомада залалдар келтіру тәуекелдігіне ұшырайды. Солай болса да, залалдардың ықтимал сомасы пайдаланылмаған міндеттердің жалпы сомасынан аз болса, несиелік беру жөніндегі міндеттеменің үлкен бөлігі клиенттердің несиелік қабілеттілігі бойынша белгілі талаптарды сақтауына байланысты. Қор несиелік сипаттағы міндеттемелерді өтегенге дейін қалған мерзімді бақылайды, яғни әдетте, барынша ұзақ мерзімді міндеттемелерде қысқа мерзімді міндеттемелерге қарағанда, несиелік тәуекелдігінің деңгейі барынша жоғары болады.

Несие сипатындағы міндеттемелер құрайды:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
Берілген кепілдіктер	9,620,613	6,370,913
Қарыздарды қамтамасыз етумен қабылданған кепілдіктер	-	3,048,907
Пайдаланылмаған несиелік желілері	250,000	365,000
Алу: несиелік сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв	(405,997)	(230,849)
Резервті шегерумен несиелік сипатындағы міндеттемелер жиыны	9,464,616	9,553,971

Шарт бойынша жалпы өтелмеген міндеттемелер ақша қаражаттарының болашақ ағынын міндетті түрде білдірмейді, себебі аталған міндеттемелердің көпшілігі оларды жартылай немесе толық орындауға дейін тоқтатылуы мүмкін.

Төменде несиелік сипатындағы міндеттемелер бойынша резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014	2013
1 қаңтарға баланстық құны	230,849	165,032
Берілген қаржылық кепілдіктерді бастапқы мойындау	134,948	47,189
Пайда мен шығындар шотында көрсетілген шығындар	291,117	26,583
Пайдаланылмаған резервтерді қалпына келтіру	(250,917)	(7,935)
31 желтоқсанға баланстық құны	405,997	230,849

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

27 Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу

2014 жылдың 31 желтоқсанына өзара есепке алуға жататын, өзара есепке алу туралы бас келісімнің, немесе ұқсас келісімнің қамтамасыз етілген құқықтық қорғау әрекетіне жататын қаржылық құралдар құрады:

	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өзара есепке алуды орындауға дейінгі жалпы сомалар (a)	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өзара есепке алудың жалпы сомалары (b)	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өзара есепке алуды орындағаннан кейінгі таза сома (c) = (a) - (b)	Тәуекелдің таза сомасы
<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>				
АКТИВТЕР				
Басқа қаржылық активтер:				
- Басқа туынды қаржылық құралдар	23,578,206	22,116,866	1,461,340	1,461,340
ӨЗАРА ЕСЕПKE АЛУҒА ЖАТАТЫН АКТИВТЕР ЖИЫНЫ				
	23,578,206	22,116,866	1,461,340	1,461,340

(b) бағанында көрсетілген қаржылық жағдай туралы есептегі өзара есепке алу сомасы ең аз болып табылады: (i) (a) бағанында көрсетілген өзара есепке алуды орындауға дейінгі жалпы соманың ішінде, және (ii) өзара есепке алуға жататын тиісті құралдың сомасының ішінде.

2013 жылы Қор өзара есепке алу туралы бас келісімнің, немесе ұқсас келісімнің қамтамасыз етілген құқықтық қорғау әрекетіне кіретін, өзара есепке алуға жататын қаржылық құралдарды иеленбеген.

28 Туынды қаржылық құралдар

Есептік кезеңнің соңына Қормен жасалған валюталық форвардтық келісімшарттар немесе «своп» келісімшарттары бойынша дебиторлық немесе кредиторлық берешектердің әділ құны валюталар бойынша бөлуде төмендегі кестеде берілген. Кестеге тиісті есептік кезең аяқталғаннан кейін есеп айырысулар күнімен келісімшарттар қосылған; аталған мәмілелер бойынша сомалар ашылған – әрбір контрагент бойынша жайғасымдардың өзара есепке алуға дейін (және төлемдер). Мәмілелер қысқа мерзімді сипатқа ие.

	Еск.	2014		2013	
		Оң әділ құнымен келісім шарттар	Теріс әділ құнымен келісім шарттар	Оң әділ құнымен келісім шарттар	Теріс әділ құнымен келісім шарттар
<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>					
Валюталық форвардтық келісімшарттар және «своп» келісімшарттары: есептік кезеңнің соңына әділ құны					
- АҚШ долларымен дебиторлық берешек, (+) есеп айырысу кезінде өтелетін	27	23,578,206	-	-	-
- Қазақстандық теңгемен кредиторлық берешек, (-) есеп айырысу кезінде төленетін		(22,116,866)	-	-	-
Валюталық форвардтық келісімшарттар мен «своп» келісімшарттарының таза әділ құны					
	13	1,461,340	-	-	-

30 Туынды қаржылық құралдар (жалғасы)

Қор операцияларды жүргізетін валюталық туынды қаржылық құралдар, әдетте стандартталған келісімшарттардың негізінде кәсіпқой қатысушылармен биржадан тыс нарықта сауда-саттық мәні болып табылады. Туынды қаржылық құралдар нарықтағы пайыздық ставкалардың ауытқуларының, валютаны айырбастау бағамдарының немесе осы құралдармен байланысты басқа ауыспалы факторлардың нәтижесінде не әлеуетті пайдалы шарттарға (және активтер болып табылады), не әлеуетті пайдалы емес шарттарға (және міндеттемелер болып табылады) ие болады. Туынды қаржылық құралдардың жалпы әділ құны уақыт өтуімен елеулі өзгерулері мүмкін.

29 Әділ құн туралы ақпаратты ашу

Әділ құнды бағалаудың нәтижелері мынадай ретпен әділ құн иерархиясының деңгейі бойынша талданады және бөлінеді: (i) 1 деңгейге бірдей активтер немесе міндеттер үшін белсенді нарықта белгіленетін баға (түзетілмейтін) жөніндегі бағалар, (ii) 2 деңгейге – бағалау әдісінің көмегімен алынған бағалар жатады, ондағы барлық пайдаланылған маңызды бастапқы мәліметтер тікелей немесе жанама активтер немесе міндеттемелер үшін (мысалы, бағалар) бақыланатындар болып табылады және (iii) 3 деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық мәліметтерге негізделмеген бағалар (яғни бақыланбайтын бастапқы мәліметтерге негізделген) болып табылады. Әділ құн иерархиясының санаты бойынша қаржылық құралдарды бөлу үшін басшылық кәсіби пайымдаманы пайдаланады. Егер әділ құнды бағалау үшін едәуір түзетуді талап ететін бақыланатын бастапқы мәліметтер пайдаланылса, онда бұл бағалау 3 деңгейге жатады. Пайдаланылатын бастапқы мәліметтердің мәні әділ құн бағаларының барлық жиынтығы үшін бағаланады.

(a) Әділ құнның көп еселік бағалары

Әділ құнның көп еселік бағалары әрбір есептік кезеңнің соңындағы қаржылық жағдай туралы есептегі басқа ХҚЕС талап етілетін немесе жол берілетін бағаларды қамтиды. Төмендегі кестеде әділ құн иерархиясындағы деңгей берілген, оған әділ құнның көп еселік бағалары жатады:

(Қазақстандық мың теңгемен)	2014		2013	
	1 деңгей	2 деңгей	1 деңгей	2 деңгей
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР				
<i>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар</i>				
- Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	-	4,826,571	4,805,500	-
- Корпоративтік облигациялар	-	4,779,070	4,752,815	-
<i>Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар</i>				
- Корпоративтік облигациялар	-	2,538,843	2,655,637	-
<i>Басқа қаржылық активтер</i>				
Басқа туынды қаржылық құралдар	-	1,461,340	-	-
ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨП ЕСЕ БАҒАЛАНАТЫН АКТИВТЕР				
	-	13,605,824	12,213,952	-

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар, және Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар жоғарыда берілген 2013 жылдың 31 желтоқсанына талдауда 1 Деңгейдің қаржылық құралдары ретінде көрсетілген. 2014 жылы қаржылық нарықтардың өтімділігінің төмендеуімен байланысты инвестициялық реклассификацияланған және жоғарыда берілген 2014 жылдың 31 желтоқсанына талдауда 2 деңгейдің қаржылық құралдары ретінде көрсетілген.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

31 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

Белсенді нарықта айналыста болмайтын валюталық своптардың әділ құнын анықтау үшін Қор дисконтталған ақша ағындарының әдісі секілді бағалау әдістерін пайдаланады. Алайда, ХҚЕС сәйкес құралдың әділ құны туындау сәтіне әдетте мәміле бағасына тең болады. Егер мәміле бағасы қаржылық құралдың туындау сәтіне бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталған сомадан ерекшеленетін болса, аталған айырмашылық валюталық своптың қолданылу мерзімі ішінде біркелкі амортизацияланады.

(б) Олар үшін әділ құнын ашу берілетін, әділ құны бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелер

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014 ж. 31 желтоқсаны	
	1 деңгей	2 деңгей
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары		
- Банктердегі ағымдағы шоттар	10,828,658	-
- ҚРҰБ шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	10,001,908	-
- Қолма-қол қаражаттар	805	-
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар		
- Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	-	172,759,973
- Үш айдан көп бастапқы өтеу мерзімімен банктердегі депозиттер	5,019,641	-
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		
- Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	-	38,552
Клиенттерге несиелер мен аванстар		
- Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген несиелер	-	39,561
- Микронесиелік ұйымдарға берілген несиелер	-	18,376
- Қаржылық лизингке таза инвестициялар	-	2,261
- Басқа несиелер	-	44,594
Басқа қаржылық активтер		
- Басқа	-	1,380,462
АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	25,851,012	174,283,779
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Қарыз қаражаттары		
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	-	45,842,265
- Азия Даму Банкі	-	44,527,451
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	-	31,604,886
- Муниципалдық органдар	-	1,402,369
- «Бәйтерек Девелопмент» АҚ	-	911,364
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	-	207,118
Тәртіптелген борыш		
- Тәртіптелген борыш	-	-
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер		
- Банктер	-	4,539,692
- Муниципалдық органдар	-	1,507,472
- Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі	-	-
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резервтер мен болашақ кезеңдер кірісі		
- Бас компаниядан алған қарыз бойынша болашақ кезеңдер кірісі	-	7,032,896
- Болашақ кезеңдер кірісі	-	1,488,509
- Қаржылық кепілдіктер	-	405,997
Басқа қаржылық міндеттемелер		
- Басқа	-	24,664
АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	-	139,494,683

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

31 Өділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2013 ж. 31 желтоқсан	
	1 деңгей	2 деңгей
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары		
- Банктардағы ағымдағы шоттар	12,567,294	-
- ҚРҰБ шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	-	-
- Қолма-қол қаражаттар	1,670	-
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар		
- Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	-	131,771,226
- Үш айдан көп бастапқы өтеу мерзімімен банктардағы депозиттер	3,385,498	-
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		
- Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	-	433,579
Клиенттерге несиелер мен аванстар		
- Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген несиелер	-	62,618
- Микронесиелік ұйымдарға берілген несиелер	-	38,876
- Қаржылық лизингке таза инвестициялар	-	11,551
- Басқа несиелер	-	86,738
Басқа қаржылық активтер		
- Басқа	-	433,021
<hr/>		
АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	15,954,462	132,837,609
<hr/>		
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Қарыз қаражаттары		
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	-	-
- Азия Даму Банкі	-	22,198,052
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	-	51,147,788
- Муниципалдық органдар	-	1,014,282
- «Бәйтерек Девелопмент» АҚ	-	1,275,909
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	-	174,524
Тәртіптелген борыш		
- Тәртіптелген борыш	-	4,022,973
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер		
- Банктар	-	4,404,398
- Муниципалдық органдар	-	1,548,388
- Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі	-	2,067,815
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв және болашақ кезеңдер кірісі		
- Бас компаниядан алған қарыз бойынша болашақ кезеңдер кірісі	-	-
- Болашақ кезеңдер кірісі	-	788,484
- Қаржылық кепілдіктер	-	230,849
Басқа қаржылық міндеттемелер		
- Басқа	-	87,880
<hr/>		
АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	-	88,961,342
<hr/>		

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

31 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

Пайдаланылатын дисконттау ставкалары валютаға, құралдың өтеу мерзіміне және контрагенттің несиелік тәуекелдігіне байланысты болады. Бұл ставкаларды талдау төменде берілген:

	2014	2013
Ақша қаражаттары және олардың баламалары		
- Банктердегі ағымдағы шоттар	жылына 0.1% дан 7.0 % дейін	жылына 0.1 % дан 7.0 % дейін
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар		
- Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	жылына 3.2% дан 5.8 % дейін	жылына 3.2% дан 5.8 % дейін
- Корпоративтік облигациялар	жылына 7.0 %дан13.0 % дейін	жылына 6.9 % дан 13.0 %дейін
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар		
- Үш айдан көп бастапқы өтеу мерзімімен банктердегі депозиттер	жылына 8.1% дан 9.2 % дейін	жылына 8.05% дан.0 % дейін
- Қаржы мекемелерімен берілген несиелер	жылына 1.1% дан12.6 %дейін	жылына 2.0 %дан 9.35 % дейін
Клиенттерге несиелер мен аванстар		
- Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген несиелер	жылына 7.0% дан12.5 %дейін	жылына 7.0 % дан 12.5 %дейін
- Микронесие ұйымдарына берілген несиелер	жылына 6.0%дан 11.0 %дейін	жылына 6.0 % дан 11.0 % дейін
- Қаржылық лизингтегі таза инвестициялар	жылына 7.0 % дан10.0%дейін	жылына 7.0 % дан 10.0 % дейін
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар		
- Корпоративтік облигациялар	жылына 8.0% дан 8.8 %дейін	жылына 6.0% дан 8.2 %дейін
Басқа қаржылық активтер		
- Басқа туынды қаржылық құралдар	-	-
- Басқа	-	-
Қарыз қаражаттары		
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	жылына 6.6 %	-
- Азия Даму Банкі	жылына 0.6 дан 5.7 % дейін	жылына 4.99 %
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	жылына 2 % дан 6.5 % дейін	жылына 2 % дан 6.5 % дейін
- Муниципалдық органдар	жылына 1 % дан 7.4 % дейін	жылына 1 % дан 7.42 % дейін
- «Бәйтерек Девелопмент» АҚ	жылына 1.0 %	жылына 1.00 %
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	жылына 5 % дан 7.0 % дейін	жылына 5 % дан 7.0 % дейін
Тәртіптелген борыш		
- Тәртіптелген борыш	-	жылына 7.0 %
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер		
- Банктер	-	-
- Муниципалдық органдар	-	-
- Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі	-	-
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв және болашақ кезеңдер кірісі		
- Бас компаниядан алған қарыз бойынша болашақ кезеңдер кірісі	-	-
- Болашақ кезеңдер кірісі	-	-
- Қаржылық кепілдіктер	-	-
Басқа қаржылық міндеттемелер		
- Басқа	-	-

30 Қаржылық құралдарды бағалау санаттары бойынша ұсыну

«Қаржылық құралдарды: мойындау және бағалау» ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес Қор өзінің қаржылық активтерін мынадай санаттар бойынша жіктейді/бөледі: (a) несиелер мен дебиторлық берешек; (b) Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар; және (d) кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер. «Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер» санатында екі шағын санат бар: i) бастапқы мойындау кезінде осы санатқа жататын активтер; және (ii) сауда үшін ұсталатындар ретінде жіктелетін активтер.

Төмендегі кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы бағалардың жоғарыда көзделген санаттары арқылы қаржылық активтердің салыстырмасы келтірілген:

	Несиелер және дебиторлық берешек	Сату үшін қолда бар активтер	Пайда немесе шығын арқылы әділ бағасы бойынша бағаланатын активтер	Жиыны
<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>				
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары				
- Банктердегі ағымдағы шоттар	10,828,658	-	-	10,828,658
- ҚРҰБ шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	10,001,908	-	-	10,001,908
- Қолма-қол қаражаттар	805	-	-	805
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар				
- Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	-	-	4,826,571	4,826,571
- Корпоративтік облигациялар	-	-	4,779,070	4,779,070
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар				
- Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	172,759,973	-	-	172,759,973
- Үш айдан көп бастапқы өтеу мерзімімен банктердегі депозиттер	5,019,641	-	-	5,019,641
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек				
- Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	38,552	-	-	38,552
Клиенттерге несиелер мен аванстар				
- Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген несиелер	39,561	-	-	39,561
- Микронесиелік ұйымдарға берілген несиелер	18,376	-	-	18,376
- Қаржылық лизингке таза инвестициялар	2,261	-	-	2,261
- Басқа несиелер	44,594	-	-	44,594
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар				
- Корпоративтік облигациялар	-	2,538,843	-	2,538,843
Басқа қаржылық активтер				
- Басқа туынды қаржылық құралдар	-	-	1,461,340	1,461,340
- Басқа	1,380,462	-	-	1,380,462
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	200,134,791	2,538,843	11,066,981	213,740,615

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

32 Қаржылық құралдарды бағалау санаттары бойынша ұсыну (жалғасы)

Төменде кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсанға жоғарыда көрсетілген бағалау санаттарымен қаржылық активтерді салыстырып тексеру берілген:

	Несиелер және дебиторлық берешек	Сату үшін қолда бар активтер	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын активтер	Жиыны
<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>				
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары				
- Банктердегі ағымдағы шоттар	12,567,294	-	-	12,567,294
- ҚРҰБ шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	-	-	-	-
- Қолма-қол қаражаттар	1,670	-	-	1,670
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар				
- Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	-	-	4,805,500	4,805,500
- Корпоративтік облигациялар	-	-	4,752,815	4,752,815
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар				
- Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	131,771,226	-	-	131,771,226
- Үш айдан көп бастапқы өтеу мерзімімен банктердегі депозиттер	3,385,498	-	-	3,385,498
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек				
- Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	433,579	-	-	433,579
Клиенттерге несиелер мен аванстар				
- Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген несиелер	62,618	-	-	62,618
- Микронесиелік ұйымдарға берілген несиелер	38,876	-	-	38,876
- Қаржылық лизингке таза инвестициялар	11,551	-	-	11,551
- Басқа несиелер	86,738	-	-	86,738
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар				
- Корпоративтік облигациялар	-	2,655,637	-	2,655,637
Басқа қаржылық активтер				
- Басқа туынды қаржылық құралдар	-	-	-	-
- Басқа	433,021	-	-	433,021
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	148,792,071	2,655,637	9,558,315	161,006,023

2014 жылдың 31 желтоқсанына және 2013 жылдың 31 желтоқсанына Қордың барлық қаржылық міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

31 Байланысты тараптармен операциялар

Тараптар, егер олар жалпы бақылауда болғанда немесе олардың біреуінде басқа тарапты бақылау мүмкіндігі болғанда немесе басқа тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдаған кезде айтарлықтай ықпал еткен тараптар байланысты деп саналады. Барлық байланысты тараптармен өзара қарым-қатынасты қарау кезінде олардың заңдық нысаны ғана емес, осындай өзара қарым-қатынастың экономикалық маңызы да назарға алынады.

Төменде байланысты тараптармен операциялар бойынша 2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалдықтар көрсетілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Негізгі акционер “Бәйтерек”	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Қауымдас тырылған компания лар	Басқа байланыст ы тараптар*
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	-	83,209	-	10,001,908
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	-	-	-	7,151,595
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар	-	-	-	2,810,782
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	-	-	-	-
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	-	-
Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	-	-	8,000	-
Басқа активтер	10,001	25,968	-	695,294
Қарыз қаражаттары	45,842,265	911,364	-	33,007,255
Тәртіптелген борыш	-	-	-	-
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер	-	-	-	1,561,033
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв және болашақ кезеңдер кірісі	7,032,896	-	-	1,653,533
Басқа міндеттемелер	-	-	-	-

Төменде 2014 жыл үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Негізгі акционер “Бәйтерек”	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Басқа байланыст ы тараптар*
Пайыздық кірістер	-	-	140,978
Пайыздық шығындар	(1,414,995)	(10,384)	(2,400,533)
Қаржы агенттерінің қызметтері	-	48,638	1,598,134
Нарықтықтан төмен ставкалар бойынша қаржылық құралдарды бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын	98,479,418	-	(4,544,818)
Жыл бойына құнсызданумен резервті қалпына келтіру	-	-	-
Өкімшілік және басқа операциялық шығындар	-	(10,534)	(9)

Төменде 2014 жыл бойындағы байланысты тараптар ұсынған жиынтық сомалар мен өтеген қаражаттар берілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Басқа байланысты тараптар*
Жыл бойына байланысты тараптарға ұсынылған несиелер сомасы	365,703
Жыл бойына байланысты тараптармен өтелген несиелер сомасы	10,546,965

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есепке ескертпелер

33 Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Төменде байланысты тараптармен операциялар бойынша 2013 жылғы 31 желтоқсандағы қалдықтар көрсетілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Негізгі акционер “Бәйтерек”	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Қауымдас тырылған компания лар	Басқа байланысты тараптар *
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	-	198,398	-	694,246
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	-	-	-	6,936,772
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар	-	-	-	30,954,445
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	-	-	-	389,189
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	-	538,633
Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	-	-	10,000	-
Басқа активтер	-	-	-	5,509,761
Қарыз қаражаттары	-	1,275,909	-	52,336,594
Тәртіптелген борыш	-	-	-	4,022,973
Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелер	-	16,270	-	4,169,976
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв және болашақ кезеңдер кірісі	-	-	-	-
Басқа міндеттемелер	-	-	-	117,176

Төменде 2013 жыл үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Негізгі акционер “Бәйтерек”	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Басқа байланыс ты тараптар*
Пайыздық кірістер	-	-	3,113,472
Пайыздық шығындар	-	14,056	3,570,345
Қаржы агенттерінің қызметтері	-	-	1,212,651
Нарықтықтан төмен ставкалар бойынша қаржылық құралдарды бастапқы мойныдау кезінде туындайтын таза шығын	-	-	-
Жыл бойына құнсызданумен резервті қалпына келтіру	-	-	-
Әкімшілік және басқа операциялық шығындар	-	-	-

Төменде 2013 жыл бойындағы байланысты тараптар ұсынған жиынтық сомалар мен өтеген қаражаттар берілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	Басқа байланысты тараптар*
Жыл бойына байланысты тараптарға ұсынылған несиелер сомасы	555,597
Жыл бойына байланысты тараптармен өтелген несиелер сомасы	11,649,928

* 2013-2014 жылдары басқа байланысты тараптарға «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы, муниципалдық органдар және мемлекетпен бақыланатын басқа кәсіпорындар кірген.

33 Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Төменде негізгі басшылыққа сыйақы төлеу туралы ақпарат берілген:

<i>(Қазақстандық мың теңгемен)</i>	2014	2013
<i>Қысқа мерзімді төлемдер:</i>		
- Жалақы	108,162	112,105
- Қысқа мерзімді сыйлықақылық төлемдер	113,828	87,701
- Ақша қаражатының басқа төлемдері	-	2,232
- Ақшалай емес нысандағы төлемдер	6,044	2,368
Жиыны	228,034	204,406

32 Есептік кезең аяқталғаннан кейінгі жағдай

2015 жылы 19 қаңтарда Қор Бас компаниядан 2014 жылы желтоқсан айында өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін дамытуға қолдау көрсету бойынша мемлекеттік бағдарламалар аясында 50 миллиард теңге сомасында алған қарызды толығымен игерген. 10 миллиард теңге сомасындағы пайдаланылмаған сома үкіметпен мақұлданған жергілікті коммерциялық банктерге орналастырылды.

2014 жылдың ортасынан бастап мұнайдың әлемдік бағасы 50 пайыздан астамға төмен түскен, бұл Қазақстанның мұнайға тәуелді экономикасының өсу келешегіне елеулі әсер етті. 2015 жылдың 9 ақпанында Standard and Poor's несие агенттігі шетелдік және жергілікті валютаның егемен несие рейтингтерін "BBB+" дан "BBB" дейін теріс болжаммен төмендетті. Қордың соңғы акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатындықтан, Қордың несие рейтингі де Standard and Poor's несие агенттігімен 'BBB+' дан 'BBB' дейін төмендетілді.